

АВТОНАРЫҚ: ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ БЕТБҰРЫС

7-БЕТ | САРАПТАМА



АҚСЕЛЕУДІҢ АМАНАТЫ

8-БЕТ | РУХАНИЯТ

Әрқайсымыздың дауысымыз маңызды!
15 НАУРЫЗ МАРТА
Важен голос каждого из нас!
РЕФЕРЕНДУМ
www.election.gov.kz

№28-29
(4927)
Бейсенбі
12 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

2-3



ЕҢСЕСІ БИІК ЕЛОРДА:

ПРЕЗИДЕНТТІҢ АСТАНАНЫ ДАМЫТУ БАҒЫТЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛЕСІЗ БЕ?

Астана қаласының тұрғындары сайлау учаскелері туралы ақпаратты бірнеше жолмен біле алады.

Елорда тұрғындары өздерінің референдум учаскесі туралы ақпаратты нақты уақыт режимінде мынандай дереккөз арқылы ала алады:

– ресми веб-сервис арқылы: referendum.astana.kz

– Telegram мессенджеріндегі чат-бот арқылы: t.me/referendum_astana_bot

– iKomek бірыңғай байланыс орталығы арқылы: 109 нөмірі бойынша

ҚҰРЫЛЫСТЫ ЖИ ҚАДАҒАЛАЙДЫ

Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі еліміздегі құрылыс жұмыстарының барысына мониторинг жүргізу үшін компьютермен көру жүйелерін кеңінен қолдануға кірісті. Бұл туралы Үкімет отырысында министр Жаслан Мәдиев мәлім етті.

2026-2027 жылдарға арналған бекітілген жоспарды жүзеге асыру шеңберінде ведомство алдын ала қадағалау тетігін іске қосуда.


«Астанада құрылыс барысын қадағалау үшін компьютермен көру және жасанды интеллект технологияларын енгізу бойынша пилоттық жоба іске қосылды. Жүйе жер учаскелерін мақсатсыз пайдалануды және қала құрылысы жоспарынан ауытқуларды ерте кезеңде автоматты түрде анықтауға мүмкіндік береді. Деректерді орталықтандыру барлық жүйені біртұтас цифрлық экожүйеге біріктіреді. Сәйкестендірудің ашықтығы объектілерге цифрлық паспорттар беруді қамтамасыз етеді. Өзара іс-қимылды автоматтандыру адами фактордың әсерін төмендетеді» деп атап өтті министр.

ХАЛЫҚ САНЫ – 20 518 005

1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан халқының саны 20518005 адамға жетті. Қалаларда 13106358 адам, ал ауылдарда 7411647 адам тұрады. Бұл туралы Ұлттық статистика бюросы хабарлады.

Қазақстандағы ең тығыз қоныстанған аймақтар – Алматы мен Түркістан облысы. Мұнда сәйкесінше 2351424 және 2146420 адам тіркелген. Астанада 1649242 адам, Алматы облысында 1600814 адам тұрады. Шымкент халқы 1298279 адамға, Жамбыл облысының халқы 1215360 адамға жеткен. Қарағанды облысында да 1 миллионнан аса адам тұрады – 1131435 адам. Жыл басынан бері Қазақстан халқы 18,1 мың адамға артты. Оның 15,8 мыңы – табиғи өсімнің есебінен, 2,3 мыңы – оң миграциялық сальдодан.

АСТАНАДА **15 НАУРЫЗ** КҮНІ ӨТЕТІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЛАЛЫҚ, ЭКСПРЕСС ЖӘНЕ ҚАЛА МАҢЫНДАҒЫ АВТОБУС БАҒЫТТАРЫНДА ЖОЛ ЖҮРУ ТЕГІН БОЛАДЫ.




№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі

ЕҢСЕСІ БИІК ЕЛОРДА: ПРЕЗИДЕНТТІҢ АСТАНАНЫ ДАМЫТУ БАҒЫТЫ ҚАЛАЙ ЖҮЗЕГЕ АСЫП ЖАТЫР?

Бүгінде елімізде демократиялық институттардың, азаматтардың құқығы мен бостандығын нығайтуға, мемлекет дамуының жаңа бағытын белгілеуге арналған ауқымды саяси реформалар жүзеге асуда. Бұл қайта құрудың орталық элементі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тұжырымдамасы бойынша дайындалған жаңа Конституцияның жобасы болды. Бұл құжат – бүкіл қоғам үшін адамгершілік және құқықтық негіз болатын және ел болашағының стратегиялық бағытын бейнелейтін құжат.

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі



Преамбулада бағдар болатын негізгі ой шоғырланған: біз халық ретінде кімбіз және қандай мемлекет құрамыз? Қазақстан тәуелсіз, демократиялық, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде танылуда, мұнда адам, оның өмірі, құқығы мен бостандығы – ең жоғары құндылық. Конституция жобасында Астананың ел астанасы ретіндегі мәртебесін бекітетін 2-бапқа ерекше назар аударылды. Осы мәртебе қала мен оның тұрғындарына ерекше жауапкершілік жүктейді: барлық аймаққа үлгі болу, даму, инновация және мәдениет динамикасын көрсету, өзінше бір темірқазыққа айналу, бүкіл елге бағыт-бағдар беруші ретінде қызмет ету. Астана заманауи өмір мен ұлттық бірегейлік үйлесімінің үлгісіне айналуда және оның жетістіктері бүкіл ел үшін өнеге болады. Бұл жерде Президенттің тапсырмасымен орындалған жобалар мен жоспарларға назар аударылады. Олар елорданың келбетін өзгертеді, оның тұрғындарының өмір сүру сапасын арттырады және еліміздің барлық өңірі үшін бағдар ретінде Астананың рөлін бекітеді. Осындай жетістіктер Мемлекет басшысының стратегиялық көзқарасы практикалық шараларға қалай айналатынын көрсетеді және қала мен өңірлердің одан әрі даму бағыттары туралы нақты түсінік береді.

БАС ЖОСПАРДЫҢ БАСЫМДЫҚТАРЫ

2025 жылы Астана оның экономикасына негізгі капиталға инвестициялар тарту бойынша өңірлер арасында ең жоғары көрсеткішке ие болды, шамамен 2,5 трлн теңге тартылды, өсім – 21,3%, оның ішінде 65%-ы – жеке инвестициялар.

Шағын және орта бизнес қала экономикасының негізі болып қала береді және жалпы аймақтық өнімнің 74 пайызын, жұмыс орындарының 70 пайызын қамтамасыз етеді.

Астананы дамыту жөніндегі былтыр желтоқсан айында өткен кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қаланың өсу қарқыны, инвестициялар мен құрылыс туралы айтты. Сарапшылардың бағалауынша, алдағы 10 жылда 1,5 миллионнан астам тұрғыны бар Астана халық саны 2,3-2,5 миллион адамға дейін жететін ірі мегаполиске айналатыны айтылуда. Біз бұған дайынбыз ба?

Өткен жылы қалада халық саны 1,6 миллионнан асты. Орташа алғанда, тұрғындар саны жыл сайын 100 мың адамға артып келеді. Оның үстіне түрлі шаруамен елордаға күн сайын 200 мыңнан астам адам келіп-кетеді. Осыған байланысты шаһар жаңа құрылыс қаласы ретінде дүмпуді бастан кешіруде. 2025 жылы 4,8 млн шаршы метр тұрғын үй салынды, бұл – бүкіл ел бойынша салынған тұрғын үй көлемінің төрттен бірі. Ол, ең алдымен, халықтың тұрақты өсуіне және сарапшылардың алдағы 10 жылға арналған болжамын қарастыратын Бас жоспардың басымдықтарына байланысты. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға, абаттандыруға және жасыл аймақтарды құруға басымдық беріледі. Біз инженерлік инфрақұрылымның озық дамуымен қалалық жүйені құрып жатырмыз. Барлық іс-әрекетіміздің негізі – қала тұрғындарының өмір сүру сапасына, инклюзивтілікке және қолжетімді ортаға басымдық берілген «Адамдарға қолайлы қала» қағидасы. Бұған жаңа урбанистік көзқарас себеп. Ұзақ уақыт бойы халық саны да, көлемі де тоқтаусыз өсіп келе жатқан шаһар бүгінде әрбір бөлшегіне дейін түрленіп, өзгеруде. Елорданың әр бөлігінің өзінің тартылыс нүктесі бар.

ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасы мен қолдауы бойынша елордада тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымы қуатының тапшылығы мәселесі толығымен шешілді.

Бұған дейін Астана су қоймасынан №3 сорғы-сүзгі стансасы және екінші су құбыры бойынша жұмыстар аяқталды, қала тәулігіне қосымша 100 мың текше метрден астам ауыз сумен қамтамасыз етілді. Қазіргі уақытта профицит тәулігіне 60 мың текше метрден астам ауыз суды құрайды. Жалпы қалада су тұтыну көлемі тәулігіне 350 мың текше метрге жеткен.

Астананы қосымша тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін біз «Тельман» сорғы стансасынан техникалық су құбырын салу жобасын жүзеге асырудамыз. Техникалық су құбырының екінші желісін салу «Тельманның» 1-көтергіш сорғы стансасын тәулігіне 160 мың текше метр көлемінде су өндіретіндей толық жобалық қуатқа шығаруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ өткен жылы «Нұра» жерасты сулары кен орнынан су құбырын салу жобасы әзірленді. Ұзақмерзімді шаралар аясында Қ.Сәтбаев атындағы арнадан төртінші ауыз су стансасымен бірге жаңа су құбырын салу басталды (НФС-4). Су алу өнімділігі – тәулігіне 342 мың текше метр. НФС-4 қуаты – тәулігіне 210 мың текше метр су. Сонымен қатар №1 кәріз-тазарту стансасының қуаты артып, №2 кәріз-тазарту стансасының құрылысы басталды, сондай-ақ қалада Көктал, Өндіріс тұрғын алаптарында және Өндірістік паркте жергілікті тазарту құрылыстарының жобалары іске асырылуда. Жобаларды 2028-2029 жылдары аяқтау жоспарлануда, ол ұзақмерзімді перспективада қаланың сенімді су бөлу жүйесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жаңа жылу көздерін енгізу мегаполистің жылу жүйесі қуатын 2 жыл ішінде 34 пайызға арттырды. Ағымдағы жылыту маусымы штаттық режимде өтуде. Жылу қуатын сақтау үшін «Тельман» жаңа газ жылу электр стансасының құрылысы жүргізілуде. №2 ЖЭО-ны кеңейтуге және №3 ЖЭО-ның келесі кезегін жоспарлауға дайындық басталды. Астананы газдандыру аяқталуда. Қаланың 95 пайызы газбен қамтамасыз етілген, «көгілдір отын» 14 тұрғын ауданға жеткізілді. Биыл 100 пайызға жеткізу жоспарлануда. Өткен жылы қалада қалдықтарды шығаруды бақылаудың цифрлық жүйесі енгізілді, бұл қызметті бақылауды қамтамасыз етті және тұрғындардың шағымын 99 пайызға қысқартты. Биылғы екінші тоқсанда шетелдік инвесторлармен бірлесіп қуаты тәулігіне 2250 тоннаға дейінгі қоқыс жағу зауытының құрылысы басталады, ол әрі электр энергиясын өндіреді. Зауыт 2028 жылы іске қосылады деп жоспарлануда.

ЖОЛ-КӨЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«Елорда үшін кептеліс мәселесі өзекті – осы бағытта шұғыл шаралар мен шешімдер қабылдау қажет». Бұл – Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасы (2025 жылғы қаңтар).

Қалада 437 мың автомобиль тіркелген, оған қоса күн сайын 90 мың транзит көлігі келеді. Көлік кептелісі күшейетін қарбалас уақытта Есіл және Нұра аудандарында көпірлерге бастар жолда, Мәңгілік ел, Қабанбай батыр, Тұран даңғылдары, Сарайшық, Д.Қонаев, Достық көшелері бойында көше-жол желісіне шамадан тыс жүктеме түсетіні байқалады. Бұл мәселені шешу үшін әкімдік жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту бойынша егжей-тегжейлі жол картасын (көлік жүйесін дамытудың 2035 жылға дейінгі кешенді бағдарламасы) әзірледі. Мұнда қысқамерзімді және ұзақмерзімді шаралар қарастырылған.

Бірқатар қысқамерзімді шаралар қазірдің өзінде нәтиже берді. Атап айтқанда, Есіл және Нұра аудандарында орналасқан мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың (39 мың қызметкер) жұмыс кестесі өзгерді. Бұл кесте өткен жылдың қазан айынан бастап толық режимде іске қосылды, бұл таңертеңгі және түстен кейінгі жағдайды өзгертуге көмектесті. Кептеліс деңгейі ең жоғары сағаттардағы қозғалыс жылдамдығы 10-15%-ға (+6 км/сағ) өсті, бұл өткізу қабілетінің жоғарылауын көрсетеді.

Негізгі магистральдардың жүктемесі 5-10%-ға төмендеді. 2025 жылы елордаға 422 автобус сатып алынды, автопарк 1749 автобусқа дейін өсті. 2 жыл ішінде жылжымалы құрамның 50%-ға жуығы жаңарды. Қоғамдық көліктің кешенді дамуы аясында оның қала тұрғындары арасында танымалдығы артып келеді. Соңғы 2 жылда жолаушылар ағыны 40%-ға артты: 2024 жылы тәулігіне 800 мың жолаушыдан 2025 жылы 1,2 млн-ға дейін өсті.

Жақын арада елордада LRT желісі іске қосылады, ол қазірдің өзінде сынақ режимінде жұмыс істейді. Жоба күрделі және негізінен құрылыс салудағы қиындығы көп жолдан өтті. Әр жылдары құрылыс жүрмей, тоқтап қалды, оның болашақ тағдыры күмән тудырды, тіпті қазірдің өзінде салынған құрылымдарды бөлшектеу жұмысы қызу талқыланады. Белгілі бір кезеңде LRT қоғамда ұзаққа созылған «сақалды» құрылыстың символы саналатын нағыз «Сыбайлас жемқорлыққа қойылған ескерткішке» айналды. Алайда Президенттің саяси еркі мен шешім қабылдай алуының арқасында жобаның екінші тынысы ашылды. Бүгін құрылыс аяқталуға жақын, алдағы айларда елорда тұрғындары мен қонақтары жаңа заманауи көлік түрін пайдалана алады.

LRT-ның іске қосылуы 9 жылдамдықты көлік дәлізін енгізумен бірге қалалық мобильділік тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық көліктің орташа жылдамдығы кептеліс деңгейі ең жоғары сағаттарда 30%-ға артады, ал автобустардың жүру аралығы 8 минутқа дейін қысқарады деп болжануда. Бұл жаңа көлік түрінің пайда болуын ғана емес, елорданың бүкіл көлік жүйесінің сапалы өзгеруін, яғни жылдамдыққа, қауіпсіздікке және технологияның дамуына баса назар аударуды көрсетеді.

Көлік тақырыбы бойынша қажетті шешімдердің бірі – көп деңгейлі жедел транзит жолдарын салу. Қалада Қабанбай батыр даңғылы бойынша екі деңгейлі жолды жобалау басталды, яғни ол Республика даңғылынан Бөгенбай батыр даңғылына 12,4 км ұзындықпен жалғасатын жол болмақ. Мұндай жылдамдық дәліздері Сеул, Мәскеу, Токио, Пекин, Бангкок, Па-





рижде сәтті жүзеге асқан. Екі деңгейлі жол оң жағалаудың тарихи көрінісін сақтай отыра, кептелісті 30-40%-ға төмендетеді деп күтілуде.

Bus Lane қалалық жүйесі қазірдің өзінде 140 км-ді қамтиды, оған тағы 30 км қосылады. 2026 жылы сыртқы ағындарды ұстап қалу үшін де, қала ішінде көлікке ауысып мінудің ыңғайлылығы мен жылдамдығын қамтамасыз ету үшін де көлікке ауысып мінудің 10 торабын құру бойынша жұмыс жүргізу жоспарланған.

2025 жылы Астанада 14 км жаңа жол салынды, 60 км жөнделді. Бұған дейін қалада 2 көпір салынды. Ш.Айтматов, А62, Қ.Мұхамедханов, Д.Қонаев көшелерінде қозғалыс ашылды. Ш.Айтматов көшесінің сегіз жолақты көшесін іске қосу Тұран даңғылындағы жүктемені 12%-ға төмендетті.

Көлік жүйесін дамытудың кешенді бағдарламасында автотұрақ саясаты қарастырылған. Барлық автотұрақты қаланың коммуналдық меншігіне өтеусіз беру туралы шартқа қол қойылды. Қаланың зияткерлік көлік жүйесі белсенді дамып келеді. Бағдаршамдардың 40 пайызы автоматты режимде жұмыс істейді. 2026 жылы бұл көрсеткіш 82 пайызға жетеді. 2027 жылға қарай қалада үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес көлікті басқарудың толыққанды жүйесі құрылады. Presight AI-мен бірлесіп елордада Smart City жобасы іске асырылды, соның шеңберінде Ситуациялық орталық және қаланы басқарудың бірыңғай цифрлық платформасы құрылуда. Оған 15-тен астам қалалық және республикалық ақпараттық жүйелердің, сондай-ақ датчиктер мен сенсорлардың деректері бірігеді, бұл ретте интеллектуалды бейнеталдауы бар құрылғыларды қоса алғанда 60 мыңнан астам бейнебақылау камерасы шығарылды. Бүгінде әрбір екінші қылмыс бейнекамера арқылы ашылады, бұл елордадағы қылмыс деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік берді. Жоба қалалық ортада қауіпсіздік пен тәртіпті нығайта отырып, «Заң мен тәртіп» идеологемасы аясында жүзеге асырылады. Numbeo халықаралық рейтингіне сәйкес, 2025 жылы Астана әлемдегі ең қауіпсіз 100 қаланың қатарына кіріп, бірден 24 позицияға, яғни 105-тен 81-орынға көтерілді. Жобаны іске асыру қоғамдық және жол қауіпсіздігі деңгейін арттыруға, көлік ағынын басқаруды жақсартуға және қалалық қызметтердің жұмысын неғұрлым тиімді үйлестіруді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛА

Әлеуметтік салада ел Президентінің тапсырмалары мен стратегиялық бастамаларына сәйкес жүзеге асырылатын жүйелі және дәйекті тәсілдер қолданылуда.

Соңғы жылдары Астанада 109 мың оқушыға арналған 44 мектеп салынды, оның 23-і Мемлекет басшысының «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында бой көтерді. 2024 жылы 64 мың орындық 25 мектеп рекордтық көрсеткішке ие болды. 2025 жылы тағы 9 мектеп ашылды, 2026 жылы 15 мың орындық 12 мектеп салу жоспарланып отыр. 2027 жылға арналған жоспар бойынша 40 мың орындық 17 мемлекеттік мектеп және 10 мың орындық 10 жекеменшік мектептің құжаты әзірленуде. Бас жоспарға сәйкес, 2035 жылға дейін 138 жаңа мектеп салу қарастырылған. Осылайша, Президенттің оқушы орындарының тапшылығын жоюға және жайлы білім беру ортасын құруға берген тапсырмасы дәйекті түрде жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары «Ақша балаларға жұмсалады» (ваучерлік қаржыландыру) моделіне көшудің нәтижесінде елордада мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік туды. Балабақшаларға кезек 2 жасқа дейінгі сәбилер арасында 50 мыңнан 18 мың балаға дейін қысқарды.

Сондай-ақ 1955 орындық 8 балабақша салынды. Ұзақ үзілістен кейін мемлекеттік балабақшалардың құрылысы қайта жанданды, өткен жылы 890 орындық мектепке дейінгі 4 мекеме пайдалануға берілді.

2026 жылы 2099 орындық тағы 7 балабақша ашу жоспарлануда, оның ішінде 750 орындық 3 мемлекеттік және 1349 орындық 4 жекеменшік балабақша салу көзделіп отыр.

Денсаулық сақтау саласы да жүйелі жаңғыруда. Соңғы жылдары ұлттық орталықтар мен қадамдық қолжетімді емханаларды қоса алғанда 21 медицина нысаны салынды. Әрқайсысы 250 төсек-орны бар 2 перинаталдық орталық, №3 жаңа көпсалалы аурухана және шұғыл көмек көрсету нысандарын салу жоспарланған.

АБАТТАНДЫРУ

«Әкімдікке 3 жыл ішінде көпжылдық өсімдіктерді отырғызуды 50%-ға жеткізуді тапсырамын. Нақты міндет қойып отырмын: елорда 5 жыл ішінде бақ-қала болуға тиіс» деген болатын Мемлекет басшысы елорданы одан әрі дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте (2023 жылғы қаңтар).

Соңғы жылдары Астанада абаттандыру бойынша бірқатар ірі жоба іске асырылды, олар қаланың келбетін түбегейлі өзгертті. 3 жыл ішінде 500-ден астам қоғамдық және аулалық аумақтар абаттандырылды, 2,5 миллионнан астам бұталар, көпжылдық



2029 жылға дейін Астанада 14 мың орындық 60 балабақшаны пайдалануға беру жоспарланған. Сонымен қатар Астананың Бас жоспары 2035 жылға дейін 183 балабақша салуға жер бөлуді көздейді. Бұл – мектепке дейінгі білім берудің қолжетімділігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам, оның қажеттілігі туралы Мемлекет басшысы бірнеше рет айтқан еді.

Қосымша білім беру белсенді дамып келеді. 2025 жылы 750 орындық Tanym оқушылар сарайы пайдалануға берілді, ағымдағы жылы Tanym art және Tanym sport сарайларын ашу жоспарлануда. Алдағы жылдары 10-ға жуық қосымша білім беру нысандарының құрылысын жүргізу көзделіп отыр.

Салалық министрлікпен және инвесторлармен бірлесіп 7 мың орынға арналған 20 студенттер жатақханасы салынды. Колледж студенттеріне арналған мыңға жуық орындық жатақхананың құрылысы аяқталды, оны іске қосу ағымдағы жылдың бірінші тоқсанына жоспарланған. Бұл іс-шаралар жастарға қолайлы жағдай жасауға және еліміздің негізгі ресурсы – адами капиталды дамытуға бағытталған.

гүлдер мен ағаштар отырғызылды. Құрылыс салушылардың ағаш отырғызу көлемін 2,5 есеге арттырған көгалдандыру жарғысы қабылданды, қайта отырғызу және үш жылдық ағаш күтімі тетіктері енгізілді, ал әрбір ағашқа QR-коды бар электрондық паспорт беріледі.

Елорданың өзіне ғана тән жаңа келбеті қалыптасып келеді. Көшелердің кейпін біртұтастандыру мен айналада қауіпсіздік пен жайлылықты қамтамасыз ететін «Адамдарға қолайлы қала» тұжырымдамасы, сондай-ақ «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидаты енгізілді. Толығымен өзгеріп, қайта түрленген «Ұлытау» аллеясы, жаңарған Қазақ елі алаңы, Greenline жаяу жүргіншілер бульвары және «Бейбітшілік және келісім» паркі – абаттандырудың жарқын көрінісі. Мұндай жұмысқа жеке кәсіпкерлер мен ұлттық компаниялар белсенді атсалысты, олардың көгалдандыру мен абаттандыруға үлес қосуы елорданың күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналуда. Сонымен қатар кейінгі жылдары тұрғындар қоршаған ортаға ұқыпты қарай бастады: олар жанжақты жабдықталған аумақтардың болуын талап етеді, оларға өздері қамқорлық жасайды және жасыл кеңістіктің көбейгенін қалайды.

Қанатқақты жоба аясында жеке инвесторларды тарта отырып, ескі тұрғын үй қорын қайта құру басталды. Мұндай механизм нүктелік дамудан бүкіл ауданды, ең алдымен, тозығы жеткен ескі үйлері бар аудандарды кешенді жаңартуға көшуге мүмкіндік береді. Осы мақсатта Байқоңыр ауданында инвесторларға 21 жер телімі бөлінген.

2026 жылы Астанада қоғамдық кеңістіктерді кешенді абаттандыру және көгалдандыру, жайлы және қауіпсіз қалалық орта құру жалғасады. Шамамен 173 қалалық орынды (оның ішінде әр аудандағы 39 ірі негізгі жоба) өзгерту жоспарланған.

«Мыңжылдық» аллеясында 3 жобаны іске асыру: Қ.Қуанышбаев атындағы театрдың артындағы алаң, вокзал маңы паркі және «Нұрлы жол» вокзалының аумағын абаттандыру басталады.

Төле би көшесінен Әнет баба көшесіне дейін және Күлтегіннен І.Омаров көшесіне дейін автокөліктерден мүлдем бос Greenline жаяу жүргіншілер бульварының екінші кезегінің құрылысы жалғасады. Жоба кешенді көгалдандыруды, ойын және спорт аймақтарын қарастырады.

«Кіші Талдықөл» экопаркін салу басталады. Негізгі тұжырымдама – қазіргі экожүйе мен биоәртүрлілікті сақтау. Жоба техникалық жағынан күрделі әрі дайындық пен инженерлік жұмыстарға көп уақытты қажет етеді. Су айдынында батпақты болдырмау үшін сүзгі, қосымша қоректендіру және суды аэрациялау орнатылады.

Саябақ кластерін абаттандыруды жалғастырамыз. Президент саябағын абаттандыру жағалаумен және субұрқақтың айналасымен бірдей тұжырымдамада жалғасады. Сығанақ көшесіндегі көпірдің артындағы «Қалалық романс» саябағының екінші және үшінші кезегі, «Бейбітшілік және келісім» паркінің екінші кезегі жаңа Конгресс орталығына қарай іске асады.

Қаланың негізгі көшелері жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болмақ. Ұлы дала, Қабанбай батыр, Б.Момышұлы даңғылдарында және Ш.Қалдаяқов, Кенесары көшелерінде кешенді көгалдандыру жұмысы жүргізіліп, кедергісіз орта және жайлы қоғамдық кеңістіктер пайда болады. Ірі қоғамдық кеңістіктер мен даңғылдардан басқа Астананың әрбір ауданында жергілікті маңызы бар аумақтар мен көшелер абаттандырылатын болады.

Бұл бағытта жүзеге асатын жұмыстар жаңа күтім стандарттарын, дендрожоспарларды және ағаштарды цифрлық паспорттауды қоса алғанда, Астананы көгалдандыру тұжырымдамасына сәйкес жүргізіледі. Қала жеке абаттандырудан көше кеңістігін жан-жақты қалыптастыруға, яғни «Қасбеттен қасбетке дейін» қағидатына көшеді. Бұл ретте жаяу жүргіншілер, велосипедшілер, көлік қозғалысы, жарықтандыру, навигация және көгалдандыру мәселелері жан-жақты қарастырылады. Инклюзивті ортаны дамытуға ерекше назар аударылады, барлығына қолжетімділік пен теңдік жағдайы жасалады.

Қаламызда елорданың көрнекі келбетін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде. Осы бағытта Астананың өзіне тән бірегей қалалық шрифті әзірленіп жатыр. Басқа қалаларда өздерін бүкіл әлемге танымал ететін штрихтар бар. Бұл – әркім күн сайын көретін элемент.

Астанада бизнеспен диалог құра отырып, витриналармен, кіреберіс топтарымен және маңдайшалармен жүйелі жұмыс жүргізіліп, бірізді тәртіп орнатылуда. Витринаны тұрғындар, туристер, балалар, қала қонақтары – барлығы көреді. Ұқыпты, тиянақты витрина және безендірілген кіреберіс қалаға деген құрмет пен сенімді қалыптастырады. Бұл жұмыс «Астана қаласы кодының дизайнын» әзірлеу шеңберінде жүргізілуде. Құжатты қала деңгейінде одан әрі бекіту сәулет тұтастығын қамтамасыз етеді және Мемлекет басшысының стратегиялық көзқарасының шеңберінде Астананың заманауи, үйлесімді бейнесін қалыптастырады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Алда әлі көп жұмыс атқару керек екенін түсінеміз. Биыл біздің алдымызда қаланың экономикалық өсуін қамтамасыз ету, Астананың көлік жүйесін нығайту және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту міндеттері тұр.

Еліміз тарихи өзгерістердің алдында тұр. Бүгін біз Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің іргетасын қалап отырмыз. Біздің Президент бірнеше рет атап өткендей, мемлекеттің күші тек экономикалық көрсеткіштермен ғана емес, азаматтардың сенімі мен заңдардың әділдігімен де өлшенеді. Сондықтан жүргізіліп жатқан саяси реформалар – формальдылық емес, бүкіл жүйені жаңартуға саналы қадам.

Алдағы референдум қарсаңында мен астаналықтармен кездесулерге қатысып, елорда тұрғындарымен ұсынылған өзгерістерді талқылаймын, олардың сұрақтарына жауап беремін. Мен үшін адамдардың пікірін тыңдау өте маңызды, өйткені жаңартылған Конституцияның басты мәні – адам және оның құқығы.

Конституция жобасы мемлекеттің одан әрі дамуын қамтамасыз етуге және азаматтардың құқығын қорғауды күшейтуге бағытталған. Құжатта «Әділетті Қазақстан» идеясы, «Заң мен тәртіп» қағидаты бекітіледі, онда заңның үстемдігі қоғамдық өмірдің негізіне айналады.

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі



РЕФЕРЕНДУМНЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров референдумға дайындық жөнінде кеңес өткізді. Астана қаласының республикалық референдумды ұйымдастыру мен өткізуге жауапты мемлекеттік мекемелерінің басшыларымен, сондай-ақ Астана қаласының аумақтық референдум комиссияларының мүшелерімен кездесті.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Делегация құрамында Орталық референдум комиссиясының хатшысы Шавхат Өтемісов, ОРК мүшелері Азамат Айманақұмов, Михаил Бортник, Әсел Жанәбілова, сондай-ақ комиссия аппаратының қызметкерлері болды.

– Референдумға дайындық өз межесіне жетіп қалды. Негізгі шаруалардың барлығы шешілді. Жергілікті атқарушы органдар, әкімдіктер бұл қызметке белсенді қатысып жатыр. Әрбір дауыс беру учаскелерінің материалдық-техникалық қамтылуы тікелей әкімдіктердің құзырында. Осының барлығын аралап көрдік, көзімізді жеткіздік. Айта кетер бір жайт – мүгедектігі бар жандарға барлық жағдайды жасау. Олардың дауыс беруге деген қолжетімділігін арттыру болатын, осыған барлық мүмкіндік жасалған, – деді Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров.

Дауыс беруге қатысуды қамтамасыз ету мақсатында учаскелерде заңнамада белгіленген жағдайлар жасалған, оның ішінде мүгедектігі бар азаматтар үшін барлық мүмкіндік қарастырылған. Атап айтқанда, дауыс беруге арналған бюллетеньдерге арналған Брайль қарпімен трафареттер дайындалған, мүгедектер арбасымен жүретін азаматтарға ыңғайлы жасырын дауыс беру кабиналары жабдықталған. Сонымен қатар ақпарат бұрыштары ұйымдастырылып, онда компьютер, үлкейткіш әйнек және қосымша жарықтандыру орнатылған. Орталық сайлау комиссиясы төрағасының айтуынша, республика бойынша 10 мыңнан астам сайлау учаскелерінің 50 пайызы интернетпен қамтылған. Ал Астана қаласы 100 пайыз қамтылып отыр. Еске салсақ, Астана қаласы бойынша құрамында 4140 комиссия мүшесі бар 508 референдум комиссиясы (7 аумақтық, 501 учаскелік) жұмылдырылған. Қалада референдумда дауыс беру құқығы бар азаматтар саны 1 млн-нан асады.

ШЕКАРАШЫЛАРДЫ ШАҚЫРДЫ

Астананың халықаралық әуежайында «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының мүшелері Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілерімен кездесті.

Жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық штабының төрағасы Ерлан Каналимов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, Конституциялық кеңес мүшесі Марат Бәшімов, Amanat партиясы Астана қаласы Есіл аудандық филиалының төрағасы, Есіл ауданы бойынша коалиция штабының басшысы Санира Жүсіпова, Астана қалалық мәслихатының депутаты, жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық штабы төрағасының орынбасары Ғабит Тәжімұратов, сондай-ақ қоғам белсендісі, кәсіпкер әрі блогер Әсем Нұрсейітова қатысты.

Кездесу барысында мәслихат депутаты, жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық штабы төрағасының орынбасары Ғабит Тәжімұратов жаңа Конституция жобасы еліміздің болашағына қатысты маңызды құжат екенін айтты.

«Бұл – еліміздің келешегіне бағытталған маңызды қадам. Жаңа Конституция жобасында еліміздің деңгейін көтеретін көптеген норма қарастырылған. Қазіргі геосаяси жағдай күрделі, әлемде соғыстар болып жатыр. Сондықтан елімізге тұрақтылық қажет. Ал тұрақтылық болуы үшін осындай заңдар керек. Қазіргі таңда еліміздің жағдайы жақсарып келеді. Осы орайда сіздерге жаңа Конституция жобасымен мұқият танысып шығуды ұсынамын» деді спикер.



Amanat партиясы Астана қаласы Есіл аудандық филиалының төрағасы, Есіл ауданы бойынша коалиция штабының басшысы Санира Жүсіпова өз сөзінде әр азамат өзгерісті өзінен бастауы керектігіне тоқталды. Ол: «Біз қандай қызметте болсақ та, ең алдымен, тәуелсіз Қазақстанның азаматымыз. Сондықтан барша қазақстандықты дауыс беруге шақырамын. Әділетті әрі прогрессивті Қазақстан құру – біздің қолымызда. Жаңа Конституцияда ең басты құндылық – адам капиталы. Біздің құқығымыздың қорғалуы да осы құжатта айқын көрсетілген» деді.

Кездесу барысында спикерлер мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты нығайту, елдің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігі үшін жаңа конституциялық бастамалардың маңызына тоқталды. Коалиция өкілдері азаматтарды ұсынылып отырған заң жобасымен танысып, ел болашағын айқындайтын алдағы маңызды референдумға белсенді қатысуға шақырды.

АТА ЗАҢҒА – НАҚТЫ ҚАДАМ

Елордалық көлік саласының мамандары мен қоғам белсенділері жаңа Конституция жобасының мән-мағынасын және оның ел болашағына тигізер әсерін жан-жақты жеткізді.



Жүздесу «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясы Астана қалалық филиалының өкілдері City Transportation Systems (CTS) жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің базасында өтті.

Іс-шараға арнайы қатысқан коалиция мүшесі, қалалық мәслихат депутаты Мәдина Әжікенова өз сөзінде бұл реформаның басты бағыты адам құқығын қорғау тетіктерін түбегейлі күшейту екеніне тоқталып, жаңа Ата Заң жобасы әрбір азаматтың мемлекет ісіне араласуына жол ашатын, әділеттілік қағидатын ту ететін құжат болатынын айтты. Оның пікірінше, бұл өзгерістер тек қағаз жүзіндегі емес, халықтың күнделікті өміріне тікелей әсер ететін нақты қадамдар болмақ. Осы ойды жалғаған жалпыұлттық коалиция мүшесі Омархан Бірімжан мемлекеттік басқару жүйесін демократияландыру мен билік тармақтары арасындағы теңгерімді нығайтудың маңызына тоқталды. Ол өз баяндамасында жаңа Конституция аясында билік тармақтарының жауапкершілігі артып, шешім қабылдау үдерісінде ашықтық пен жариялылық басты орынға шығатынын, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлықпен күресте және мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқаратынын айтты. Сонымен қатар Әбдіғани Бәзілханұлы әлеуметтік әділдік мәселесіне басымдық беріп, жаңа жобадағы еңбек адамының мәртебесі мен әлеуметтік кепілдіктер туралы кеңінен тарқатты. Ол CTS ұжымы сияқты қаланың тыныс-тіршілігін қамтамасыз етіп отырған жұмысшылардың құқығы мен олардың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің басты назарында қала беретінін, ал конституциялық реформалар осы тұрақтылықтың берік іргетасы болатынын нақтылады. Көлік саласының қызметкерлерімен ашық диалог форматында өткен кездесуде қатысушылар спикерлерге өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, жауап алды. Жиын соңында қатысушылар осындай тарихи сәттің маңызына тоқталып, прогрессивті қоғам қалыптастыру жолындағы ортақ мақсатқа жұмылатынын білдірді.

АЗАМАТТАР ШЕТ ЖЕРДЕ ДЕ ҚОРҒАЛАДЫ

Жаңа Конституцияны қабылдау бүгінгі заман талаптарынан туындап отыр. Бұл еліміздің одан әрі дамуы үшін, халқымыздың болашағы үшін қажет.

Мен жаңа Конституцияның жобасын зейін қоя оқыдым. Болашақ Ата Заңымыздың кіріспесінде адамның құқығы мен бостандығы мүлтіксіз сақталатыны мәлімделген. Бұл Ұлы Даланың мыңдаған жылдық тарихындағы қабылданған заңдарына, ежелгі қазақ дәстүрлеріне және халықаралық стандарттарға сәйкес келеді. Азаматтарға еңбек етуге, лайықты және қауіпсіз жағдайларға, әділ төлемге, әлеуметтік кепілдіктерге, соның ішінде медицина қызметіне және зейнетақы алуға кепілдік беріледі. Білім беру, ғылым, мәдениет пен инновация алғаш рет ел дамуының негізгі тірегі ретінде аталды.

Жаңа Конституцияның жобасындағы әр баптың өзіндік ерекшелігі бар. Мәселен, 14-бапта «Қазақстан Республикасы өз азаматтарын ел аумағынан тыс жерде заңға сәйкес қорғауға кепілдік береді» деп анық жазылған. Бұған Таяу Шығыстағы қақтығыс аймақтарынан демалыста, қызметте және басқа жағдайлармен жүрген көптеген азаматымыздың Қазақстанға әкелінуі айқын дәлел. Адамдардың оралуы 37 авиациялық сапардан артық ұшақтар арқылы және көршілес Түркменстан, Әзербайжан, Армения елдері арқылы құрлықтық көлікпен жүзеге асырылды. 8-9 наурызда отандастарымызды қайтару жөніндегі белсенді жұмыстар одан әрі жалғасты. Барлығы 7300-ден астам адам елге аман-сау оралды. Келтірілген деректер бойынша соңғы күндері Таяу Шығыстағы елдерден 1800 кісі жеткізілді. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тілек білдірген барлық азаматты әкелу туралы істерді үйлестіріп, шынайы жанашырлық танытуда. Таяу Шығыста әскери іс-қимылдардың жалғасуына, аймақтағы көптеген елдің әуе кеңістігінің жабылуына байланысты аталған министрлік Қазақстан азаматтарына белсенді әскери әрекеттер басылып, жағдай толық қалпына келгенше сол елдерге түрлі сапармен шығуды тоқтатуға ұсыныс жасады.

Қазақстан шетелде тұратын қандастарымыздың ұлт ретінде дамуына көңіл бөлуде. Ресей Федерациясында мемлекетаралық ынтымақтастық шеңберінде қазақтар көбірек қоныстанған Астрахань, Орынбор, Омбы облыстарында қазақ мектептерін ашу жоспарланған. Жобалар бойынша ақтық шешім 2024-2025 жылдардың соңында қабылданды. Қазақ мектептерінің ашылуы құрылыс нысандарының аяқталуына байланысты жүзеге аспақ. Қазақстанның ұлттық стандарттары бойынша Томск облысында да оқыту жағы қарастырылуда. Мектептерді ашу Ресейде тұратын отандастарымыздың қазақ тілі мен мәдениетін ұмытпай, оқып үйренуіне мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Қазір кейбір шекаралас өңірлерде қазақ тілін оқытатын мектептер мен жекелеген сыныптар бар. Атап айтқанда, қазақ тілі Алтай Республикасы мен Омбы облысының (11 мектебінде) мектептерінде оқытылады. Қазақ тілін оқыту жөніндегі негізгі орталықтар жоғарыда аталған Астрахань, Орынбор, Омбы және Саратов облыстарында орналасқан. Мемлекетаралық деңгейде талқыланған осы шаралар сол жерлерде мекендеген қазақтарды қолдауға және ана тілін сақтауға бағытталып отыр.

Сондай-ақ жобадағы 30-бапты оқып көрейікші. Осы бапта «Кәмелетке толған еңбекке қабілетті балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті» деп айтылған. Әр бала есейген шақта өзін өсіріп, тәрбиелеген ата-анасына қарайласып, қамқорлық жасауға тиіс. Әсіресе қартайған кезінде күтім жасап, көмектескені жөн. Кәрі кісілердің қас-қабағына қарап, көңілін аулап, қуаныш сыйлаған жақсы ғой. Ата-анасын қолында ұстап, күту – қазақ халқының бойына туа біткен асыл қасиет. Әдетте, олар отбасындағы кенже ұлдың қолында болып, алаңсыз өмір сүреді. Бірақ ата-анасын керек қылмайтын, оларды қарттар үйіне тапсыратын адамдар да бар. Осындай келеңсіз жайлар болмаса екен деп тілейсің. Өйткені қарттар қоғамымыздың асыл қазынасы, жастардың ақылшысы, жол көрсететін тірегі деп білемін.

Жаңа Конституция жобасының қабылдануы еліміздің саяси өміріндегі аса маңызды оқиға екені ақиқат. Ендеше 15 наурызда болатын республикалық референдумға бәріміз барып, дауыс беріп, өз таңдауымызды жасағанымыз жөн. Сол арқылы біз Қазақстанның жаңа белеске жетіп, алға қадам басуына, әлем алдындағы абыройын көтеруге, халқымыздың ынтымақ-бірлігін нығайта түсуге жол ашамыз.

Есенгелді СҮЙІНОВ,
ақын, халықаралық
«Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі



РЕФОРМА БАҒЫТТАРЫН ТҮСІНДІРДІ

Достық үйінде этномәдени бірлестік өкілдерімен өткен кездесуге азаматтық сектор өкілдері, қоғам белсенділері мен сарапшылар қатысты. Кездесуді «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының Астана қалалық филиалы ұйымдастырды.

Іс-шараның негізгі мақсаты – азаматтық қоғам институттарымен ашық пікір алмасу, қоғамдық бастамаларды қолдау және өзекті әлеуметтік-құқықтық мәселелерді түсіндіру.

Диалог алаңына заң ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Жамаладен Ибрагимов, қоғам қайраткері Фарида Даримова және Respublica партиясының өкілі Тоғжан Балисан қатысты. Кездесу барысында конституциялық реформалардың негізгі бағыттары, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғау тетігін жетілдіру, қоғамдық институттардың рөлін арттыру және азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы өзара іс-қимылын нығайту мәселелері түсіндірілді.

Сарапшылар құқықтық мәдениетті арттыру, қоғамдық диалогты дамыту және этномәдени бірлестіктердің елдегі тұрақтылық пен қоғамдық келісімді нығайтудағы маңызына ерекше тоқталды. Іс-шара ашық форматта өтіп, қатысушылар өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіріп, қоғамдағы өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Мұндай кездесулер алдағы уақытта да жалғасып, азаматтық қоғам өкілдерімен өзара тиімді диалог орнату және конституциялық реформалардың маңызын түсіндіру бағытында жүйелі түрде жүргізіледі.

Ернұр ҚАЙНАР

ҚҰРЫЛЫСШЫЛАР ҚОЛДАЙДЫ

Бас қалада құрылыс саласының өкілдері Қазақстанның жаңа Конституциясы жобасын қолдайтынын білдірді. Іс-шараға құрылыс саласында еңбек ететін мыңнан астам қызметкер қатысты.



Кездесу барысында қатысушыларға жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері түсіндіріліп, алдағы референдумның елдің болашақ дамуы үшін маңызы айтылды.

Жиында Парламент Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов, Астана қалалық мәслихатының депутаты Арсланбек Мағзұм және кәсіпкер Әсем Нұрсейітова сөз сөйледі.

«Сіздер елордамыздың көркіне көрік қосып жүрген жандарсыздар. Сіздердің еңбектеріңіздің арқасында Астанамыз күн сайын ажарланып келеді. Біз жайлы әрі жылы үйлерде өмір сүріп жатырмыз. Өйткені құрылыс саласы тек шаршы метр салумен ғана шектелмейді, ол – адамдарға жайлылық, жылулық пен қолайлы орта сыйлайтын сала. Көпбалалы ана ретінде мен үшін балаларым қандай елде өмір сүретіні аса маңызды. Бұл сіздер үшін де маңызды деп ойлаймын. Сондықтан 15 наурыз күні бәріміз өз учаскемізде дауыс беріп, таңдауымызды жасайық. Бірлігіміздің арқасында еліміз одан әрі дамыған, прогрессивті мемлекет боларына сенемін» деді Әсем Нұрсейітова.

ДӘРІГЕРЛЕР ҚАУЫМЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Астана қаласының «Әділетті және прогрессивті Қазақстанның халықтық Конституциясы үшін!» жалпыұлттық коалициясының өкілдері №7 қалалық емханада медицина қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Оған қалалық мәслихат депутаты Динара Байсеркина, №1 көпбейінді қалалық ауруханының директоры Ербол Сәрсенбаев, «Қоғамдық денсаулық» ЗТБ төрағасы Сәбит Әбдірайымов және «Ақ жол» партиясының өкілі Жанаргүл Күлмағамбетова қатысты. Жиында денсаулық сақтау жүйесін жетілдіруге бағытталған өзгерістер, медицина қызметінің сапасын арттыру, профилактика жұмыстарын күшейту және халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мәселелері түсіндірілді. Сондай-ақ медицина саласына енгізіліп жатқан реформалардың маңызы айтылды. Кездесу ашық диалог форматында өтіп, емхана қызметкерлері өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, салаға қатысты ұсыныстарын білдірді.



КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының Сарыарқа ауданындағы №2 халыққа қызмет көрсету орталығының (ХҚКО) ұжымымен Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының жобасын талқылауға арналған кездесу өтті.



Оған Астана қаласы мәслихатының депутаты, Amanat партиясы Алматы аудандық филиалының төрағасы Азамат Айтхожин, қоғам қайраткері Фарида Даримова, «Ақжол» партиясының өкілі Жанаргүл Күлмағамбетова, сондай-ақ «Қазақстан халық партиясы» қоғамдық бірлестігі Астана қалалық филиалының белсендісі Найля Аппасова қатысты.

Кездесу барысында ХҚКО қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясы жобасының негізгі ережелері таныстырылып, ұсынылып отырған өзгерістер мен олардың елдің одан әрі дамуы, құқықтық институттарды нығайту және қоғамдық процестердің ашықтығын арттырудағы маңызы түсіндірілді. Іс-шара барысында ашық қоғамдық диалогтың маңызына, азаматтардың стратегиялық мәні бар мемлекеттік шешімдерді талқылауға белсенді қатысуының рөліне ерекше назар аударылды. Кездесу форматы қатысушыларға сұрақтар қойып, пікір алмасуға және конституциялық реформаның өзекті бағыттарын талқылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар 15 наурызда жалпыұлттық референдум өтетіні, онда әрбір азамат өз ұстанымын білдіріп, дауыс бере алатыны атап өтілді. Кездесу қорытындысы бойынша қатысушылар мемлекеттік ұйымдар мен еңбек ұжымдарының қатысуымен осындай диалог алаңдарын одан әрі жалғастырудың маңызын атап өтті.

ЖЫЛУ ОРТАЛЫҒЫНДАҒЫ ЖИЫН

Жалпыұлттық коалиция өкілдері елордадағы №2 жылу электр орталығының ұжымымен кездесіп, жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен маңызын түсіндірді.



Жиынға Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы, жалпыұлттық коалицияның Астана қалалық филиалы төрағасының орынбасары Мұхаммед Болысбек, Астана қаласы мәслихатының депутаты Қанат Естек, қоғам белсенділері Юсуп Келигов пен Нұржан Бияқаев қатысты.

Кездесу барысында қоғам үшін маңызды саяси өзгерістер, азаматтардың құқығы мен мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған бастамалар айтылды.

Мұхаммед Болысбек өз сөзінде конституциялық өзгерістердің қоғамдағы демократиялық үдерістерді нығайтуға бағытталғанын айтты.

«Жаңа Конституция жобасы – еліміздің саяси жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды құжат. Бұл өзгерістер азаматтардың құқығын қорғауды күшейтіп, мемлекеттік институттардың жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді» деді Мұхаммед Болысбек.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Қанат Естек конституциялық реформалардың жергілікті басқару жүйесін дамытудағы рөліне тоқталды.

«Конституциялық өзгерістер жергілікті өкілді органдардың мүмкіндігін кеңейтіп, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайтуға ықпал етеді. Бұл – ашық әрі тиімді мемлекеттік басқаруға жасалған маңызды қадам» деді ол.

Қоғам белсенділері Юсуп Келигов пен Нұржан Бияқаев жаңа өзгерістердің қоғамдық тұрақтылық пен азаматтық жауапкершілікті арттырудағы маңызы туралы айтты. Жиналғандарға жаңа Конституция жобасының негізгі бағыттары мен маңызы түсіндірілді. Кездесу барысында 2-ЖЭО қызметкерлері өз пікірлерін айтып, көкейдегі сұрақтарын қойды. Спикерлер барлық сауалға жауап беріп, ұсыныстар мен пікірлерді тыңдады. Айта кетейік, бүгінде №2 жылу электр орталығында 1100-ге жуық адам, жалпы «Астана-Энергия» АҚ-та 1800-ге жуық адам еңбек етеді.

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі



БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ БАСЫМДЫҚТАР

Tanym оқушылар сарайында Астана қаласы Білім басқармасының алқа отырысы өтті. Жиынға қала әкімінің орынбасары Есет Байкен төрағалық етті. Отырыста елорданың білім беру жүйесінің қазіргі жағдайы мен алдағы даму бағыты талқыланды.

Индира БЕРЖАНОВА

Елордалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыұлы білім саласының негізгі көрсеткіштері бойынша баяндама жасады. Оның айтуынша, бүгінде қаладағы білім беру жүйесін 988 ұйым құрайды. Онда 421 мыңнан астам бала білім алуда. Оның ішінде 266 мемлекеттік және 722 жекеменшік ұйым жұмыс істейді.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде демография өсімі айқын байқалады. Қалада 716 балабақша жұмыс істейді, онда 67780 бала тәрбиеленуде. Бүгінде 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды балабақшамен қамту 100 пайызды, ал 2 мен 6 жас аралығында 97,3 пайызды құрап отыр.

2025 жылдың қаңтарынан бастап мектепке дейінгі білім беруді ваучерлік қаржыландырудың қанатқақты жобасы іске қосылды. Жоба аясында 25 мыңнан астам ваучер беріліп, ата-аналарға 200 мыңнан астам хабарлама жіберілді. Нәтижесінде балабақшаға кезек үштен біріне қысқарып, экономикалық тиімділігі 3,5 млрд теңгені құрады.

Орта білім беру саласында бүгінде елордада 205 мектеп жұмыс істейді. Онда 314964 оқушы білім алуда. Оқушылар саны жыл сайын өсіп келеді. Биыл 1 қыркүйекте 1-сыныпқа 33 мыңнан астам бала келеді деп күтілуде.

Соңғы 3 жылда білім беру инфрақұрылымы қарқынды дамып, 110 мың оқушы орнына арналған 44 жаңа мектеп ашылды. Оның ішінде 23 «Келешек мектебі» бар. Бұл үш ауысымды мектептер мәселесін толық жоюға мүмкіндік берді. Алдағы 3 жылда 110 мыңнан астам орынға арналған 58 мектеп салу жоспарланып отыр.

Білім беру ұйымдарының инфрақұрылымын жаңарту жұмысы да жалғасуда. Қазіргі таңда барлық мектеп интернет желісімен және бейнебақылау жүйесімен толық қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мектептердің 98 пайызы пән кабинеттермен жабдықталған.

Оқу сапасын арттыру бағытында халықаралық жобалар іске асырылуда. Қала мектептерінде SHARE (Ұлыбритания), Global Scholars, CISCO (АҚШ), PASCH (Германия) және IB сияқты халықаралық бағдарламалар енгізілген.

Педагогтардың кәсіби деңгейін көтеру мақсатында түрлі әдістемелік жобалар жүзеге асырылуда. 2025 жылы 4247 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. 2026 жылы бұл көрсеткіш 8520 мұғалімге дейін ұлғаймақ.

Инклюзивті білім беру де басты назарда. Елордада ерекше білім беру қажеттіліктері бар 22 мыңнан астам бала тіркелген. Олардың 85 пайызы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтылған.

Жиында сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру, қосымша білім беру жүйесін дамыту, құқық бұзушылықтың алдын алу және тәрбие жұмысының нәтижелері талқыланды. Астана қаласының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Кенжегүл Бекімова білім сапасының деңгейін таныстырды. Бұдан кейін жаңа Конституцияның жобасы талқыланды.



МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ





Кеше Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиын барысында қала өміріне қатысты бірқатар маңызды нормативтік-құқықтық актінің жобасы қаралды.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Күн тәртібіне енгізілген мәселелер қатарында Астана қаласының сәулет келбетін қалыптастыру және құрылысты жоспарлау қағидаларына толықтыру енгізу, автотұрақтарға бөлінген жерлерге салықтың базалық ставкаларын айқындау, сондай-ақ бұрын қабылданған тиісті шешімдердің күшін жою мәселелері талқыланды. Сонымен қатар әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру тетіктеріне қатысты қаулыға өзгерістер енгізу, су қорғау аймақтарын белгілеу туралы қаулыны толықтыру, тұрғын үй көмегін көрсету тәртібіне өзгерістер енгізу және қаладағы реновацияға жататын тұрғын үйлердің тізбесін бекіту мәселелері қаралды. Отырыс барысында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Зұлфухар Ғайыпов әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселесіне ерекше тоқталды. Кеңес төрағасы бұл мәселенің тұрғындар үшін маңызы жоғары екенін атап өтіп, қалада азық-түлік бағасын тұрақтандыру тұрғысынан жүзеге асып жатқан жұмыстар жайлы сала мамандары мен баяндамашыларға нақты сұрақтар қойды. Кеңес мүшелері ұсынылған жобалар бойынша пікір алмасып, тиісті ұсыныстар айтты.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЗАҢ МЕН ТӘРТІПТІ ҚОЛДАЙДЫ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қалалық Полиция департаментінің ұйымдастыруымен «Елорда жастары – заң мен тәртіп үшін» атты жастар форумы өтті. Жиын студенттер арасында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға, құқық мәдениетін арттыруға және жастардың құқықтық санасын дамытуға бағытталды.



Іс-шараға халықаралық UAE SWAT Challenge турнирінің жеңімпаздары, елордалық полицейлер, әлем чемпиондары – Айнагүл Байжігітова, Мөлдір Атанай және Елдос Сартай арнайы шақырылды. Спикерлер білім алушыларға өздерінің жетістікке жету жолы, жарысқа дайындық барысы, қызметтегі тәртіптің маңызы туралы кеңінен әңгімеледі. Қалалық ПД қоғамдық қауіпсіздік басқармасы отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімінің бастығы, полиция подполковнигі Алмагүл Исмағұлова сталкингтің құқықтық аспектілері, кінәлі адамдарды жауапқа тарту тәртібі, сондай-ақ жәбірленушілерді қорғау шараларын сөз етті. Қатысушыларға қолданыстағы заңнаманың ережелері және қудалау фактілері кезінде құқық қорғау органдарынан көмек сұраудың алгоритмі түсіндірілді. Ал ПД киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция капитаны Айдар Қонысбек студенттерді алаяқтардан барынша сақ болуға шақырып, олардың құрығына ілікпеу үшін бірқатар кеңес берді. Сонымен қатар қатысушыларға бүгінде елордада қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін қолданылып жүрген робот-ит таныстырылды.

«NAURYZ SALE» ЖӘРМЕҢКЕСІ ШАҚЫРАДЫ

Елордада 14 және 15 наурыз күндері «Nauryz Sale» ірі азық-түлік жәрмеңкелері ұйымдастырылады. Олар бағаны тұрақтандыруға және бас қала тұрғындарын қолжетімді азық-түлікпен қамтамасыз етуге бағытталған.

Жәрмеңкелерде Қазақстанның әр өңірінен келген шаруашылық иелері мен ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өнімдері ұсынылады. Қала тұрғындары мен қонақтары көкөніс пен жеміс-жидек, ет, сүт, шұжық өнімдері, ұн, дәнді-дақылдар, табиғи шырындар, жармалар, бал, тосап және басқа да азық-түлік тауарларын тиімді бағада сатып ала алады. Жәрмеңкелер сағат 10:00-18:00 аралығында мына орындарда өтеді:

* «Keryen joly» СО (Алаш тасжолы, 35Б);
* «Koktal» СО (Н.Тілендиев даңғылы, 12А);
* «Евразия» СО (Қ.Сәтпаев көшесі);
* «Астаналық базар» СО (С.Сейфуллин көшесі, 47);
* «Damu Mall» СОО (Ж.Нәжімеденов көшесі, 26);
* «Шапағат» базары (Бөгенбай батыр даңғылы, 69);
* «Сауран» базары (Алматы көшесі, 3).



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қай кезде де ел тұрғындарын экономикалық патриотизмге – отандық өнімді таңдауға шақырып келеді. Бұған дейінгі Жолдауларында және түрлі кездесулерде Президент «Қазақстанда жасалған» брендін күшейту ұлттық экономика тірегінің бірі екенін бірнеше рет атап өткен еді. «Біз шикізатқа тәуелді экономиканы түбегейлі өзгертуіміз керек. Өнім өндіретін елге айналу – басты мақсат» деген болатын бір сөзінде. Бүгінде Мемлекет басшысының бұл үндеуі нақты нарықтық трендке айналып отыр.



Шапағат ӘБДІР

АВТОНАРЫҚ: ОТАНДЫҚ ӨНІМГЕ БЕТБҰРЫС

БЫЛТЫР ҚАНША КӨЛІК САТЫЛДЫ?

Соңғы жылдары ел ішінде отандық өнімге деген сұраныс айтарлықтай артты. Оның айқын көрінісін автокөлік саласынан байқауға болады. Мәселен, 2025 жыл Қазақстан автонарығы үшін өсім жылы болды. Елде 234852 жаңа жеңіл және коммерциялық көлік сатылып, нарық көлемі 14,4 пайызға ұлғайып, екінші жыл қатарынан сатылым 200 мыңнан асты. Әсіресе желтоқсан айында 27 мыңнан астам көлік сатылып, айлық рекорд жаңарған. Ең маңыздысы, жыл қорытындысында ең көп сатылған алғашқы 10 модельдің барлығы Қазақстанда өндірілген.

ҚАЙ ЗАУЫТ КӨП ӨНІМ ШЫҒАРДЫ?

Жалпы қазір елімізде автокөлік шығаратын 11 зауыт жұмыс істеп тұр. Соның ішінде Алматы мен Қостанай қалаларында Astana Motors Manufacturing Kazakhstan және Kia Qazaqstan жаңа кәсіпорындарының іске қосылуы саланың өндіріс әлеуетін айтарлықтай күшейтті. Нәтижесінде автөнеркәсіптегі жұмысшылар саны 11153 адамға жетіп, бұл бағыттың ел экономикасындағы маңызы арта түсті. Өндіріс құрылымында жеңіл автокөліктер басым үлесті иеленді. Айталық, бір жыл ішінде 158944 жеңіл көлік шығарылып, көрсеткіш 19 пайызға өссе, коммерциялық техника өндірісі де оң динамика танытып, 12200 бірлікке жеткен. Ал өндірушілер бөлінісіне тоқталсақ, Қостанайдағы Allur кәсіпорны (СарыарқаАвтоПром) 92100 көлік шығарып, өндіріс көлемін 1,8 пайызға арттырған. Алматыдағы Hyundai Trans Kazakhstan зауыты 52040 жеңіл автокөлік өндіріп, 14,6 пайыз өсім көрсеткен. Саран қаласындағы QazTehna 2665 бірлік коммерциялық техника шығарып, ең жоғары өсімдердің бірін тіркеді. Жаңадан іске қосылған кәсіпорындардың да үлесі айтарлықтай. Astana Motors Manufacturing Kazakhstan 4 ай ішінде 15180 көлік өндірсе, Kia Qazaqstan үш айда 2885 автокөлік шығарған. Сонымен қатар басқа өндіріс орындарының жұмысы да мақтауға тұрарлық. Яғни СемАЗ 3728 бірлік техника шығарса, КАМАЗ Инжиниринг 1426 жүк көлігін өндірді. Hyundai Trans Almaty 754 техника жинады. Семейдегі Daewoo Bus Kazakhstan 341 автобус шығарса, «ОралАгроРемМаш» 25 арнайы техника өндірген. Жалпы алғанда, жаңа зауыттардың іске қосылуы мен өндіріс көлемінің өсуі Қазақстан автөнеркәсібінің өндіріс базасын кеңейіп, ішкі нарықты қамту мүмкіндігі артқанын көрсетеді. Бұл жағдай автөнеркәсіптің импортқа тәуелді нарықтан жергілікті өндіріс басым нарыққа өтудің нақты кезеңіне келгенінен дерек берсе керек.

«2025 жылы отандық автокөлік жасау саласы индустриялық серпіліс жасады: мемлекет қолдауының арқасында ұлттық және шетелдік инвесторлар 2 заманауи автозауытты іске қосу жобасын жүзеге асырды. Сонымен қатар бөлшек саудадағы тиімді, клиентке бағдарланған саясаттың нәтижесінде бүгінгі таңда сатып алушылар үшін қолжетімді қаржы құралдарының кең таңдауы ұсынылып отыр. Желтоқсан айының қорытындысы бойынша сатылған әрбір 10 жаңа автокөліктің 8-і – отандық өндіріс өнімі. Ал жыл қорытындысында ең танымал ТОП-10 модельдің барлығы Қазақстанда шығарылған. Бұл – автонарықтағы мемлекеттік қолдау саясатының, технологиялар трансфері мен Қазақстан автөнеркәсібінің өз құзыретін арттырудың жүйелі түрде жүргізілуінің нәтижесі» дейді Қазақстан автокөлік одағының президенті Анар Мақашева.

КӨЛІК БАҒАСЫНЫҢ ТҮСУІНЕ НЕ СЕБЕП?

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев «Өткен жылы автомобиль өндірісі рекордтық өсім көрсетіп, машина жасау секторының 41,7%-ын құрады. Барлығы 171 мыңнан астам көлік түрлері шығарылды» деді.

Сондай-ақ кейін баспасөз мәслихатында да министр бұл мәселеге тоқталып, автомобиль құнының түсуіне отандық көлік өндірісінің артуы сеп боп жатқанын да айтқан еді.

«Өздеріңіз білесіздер, қазақстандық зауыттар жыл сайын шығарылатын маркалар қатарын көбейтеді. Жаңа маркалар нарыққа шыққан сайын бағалар міндетті түрде төмендейді. Мұны нақты айта аламын. Отандық автокөлік өндірісінің артуы қытайлық көліктердің бағасының төмендеуіне де әсер етеді» деген министр.

Бұдан бөлек, Қазақстанда Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасынан әкелінетін автокөліктерге утилизациялық алым мөлшерлемесін 14,6 еседен 38,8 есеге дейін арттыру ұсынылды. Бұл өзгеріс утилизациялық төлемді есептеу әдістемесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бұйрық жобасында қарастырылған. Мұның өзі автонарық саласындағы бәскеге әсер етіп отыр.

ҚАЙ МАРКА СҰРАНЫСТА?

Шынында, былтыр сатып алушылар ең көп таңдаған брендтер қатарында Hyundai, Chevrolet, Kia, Chery және Jetour болды. Нәтижесінде нарықтың 80 пайыздан астамы небәрі 10 брендтің үлесінде тиесілі болған. Қытай маркалары белсенді өссе де, олардың жалпы үлесі 39 пайыз деңгейінде сақталды. Бұл нарық толық қытайланбағанын, бірақ көпполярлы құрылымға өткенін аңғартады. Ең өтімді модельдер қатарында Chevrolet Cobalt, Hyundai Tucson, Kia Sportage, Hyundai Mufasa, Hyundai Elantra, Hyundai Santa Fe, Chevrolet Onix, Changan CS55 Plus, Chery Tiggo 2 және Jac S3 Pro бар. Бұл модельдердің барлығы Қазақстанда шығарылған. Яғни сатып алушылар «жергілікті жерде құрастырылған – сапасыз» деген ескі түсініктен толықтай арылды.

«Мен былтыр Chevrolet Cobalt көлігін сатып алдым. Ол кезде компанияда арнайы акция ұйымдастырылып, көлік бағасы 1 пайыз жеңілдікпен ұсынылды. Сол мүмкіндікті пайдаланып, тиімді бағада сатып алдым. Шын мәнінде, басқа қытай маркаларын да алуыма болатын еді. Бірақ бағасы мен сапасын ескере отырып, өзімізде өндірілген көлікті таңдадым. Бұл көлік сенімді, жолда қалдырмайды. Бұзылған жағдайда қосалқы бөлшек іздеп сабылмайсыз, өйткені өндірісі өз елімізде болғандықтан жөндеу де жеңіл» дейді әріптесіміз Сұлтан Сейіт.

Ал ресми дерек көздерінің мәліметтеріне сүйенсек, былтыр отандық көліктер қаншалықты өтімді болса, биыл да сол үрдіс сақталып отыр. Жыл басталғалы қаңтар айының деректеріне сәйкес, сатылған әрбір 10 жаңа көліктің 9-ы Қазақстанда құрастырылған. Бұл – қарапайым сан емес, тұтынушы сенімінің артқанын көрсететін маңызды көрсеткіш.

ЖЫЛ ТАБЫСПЕН БАСТАЛДЫ

«2026 жылдың қаңтары дәстүрлі түрде баяу кезең саналса да, биыл керісінше – белсенді басталды. Бір айда 14102 жаңа көлік сатылып, өсім 25,2 пайызды құрады. Бірақ басты нәтиже көлем емес, нарық сұранысы болды. Қаңтарда сатылған көліктердің 87,4 пайызы отандық өндіріс өнімі болды. Бұл индустрияның жетілу кезеңіне өткенін білдіреді. Ең көп сатылған брендтер қатарында Kia алға шықты, одан кейін Hyundai мен Chevrolet орналасты. Chery мен Changan да алғашқы бестікке кірді. Ал Toyota мен Geely сатылымының төмендеуі импорт сегментінің әлсірегенін көрсетті. Қаңтардағы ең өтімді модельдер қатарында Chevrolet Cobalt, Kia Sportage, Hyundai Tucson, Hyundai Mufasa, Kia Cerato, Jac S3 Pro, Changan CS55 Plus, Chery Tiggo 2, Hyundai Elantra және Kia Soluto бар» дейді ҚАО президенті Анар Мақашева.

Жалпы алғанда, нарықтағы негізгі үрдіс айқын. Сатып алушылар бағаға ғана емес, қолжетімділік пен қызмет сапасына мән бере бастаған. Алайда Қытай брендтері өсімнің негізгі драйверіне айналып отыр. Jetour, Changan және Chery секілді маркалар өз позициясын нығайтуда. Ал толық импортқа тәуелді брендтердің үлесі қысқарып келеді. Мемлекет қолдауы, инвестиция, технология трансфері және қаржы құралдарының кеңеюі нақты нарықтық нәтиже беруде. Қазақстан автөнеркәсібі енді тек құрастырушы емес, нарық құрылымын айқындайтын маңызды ойыншыға айналды. Сондықтан бүгінгі Қазақстан автонарығындағы маңызды мәселе көліктің қай елден шыққаны емес. Бастысы, оның Қазақстанда жасалғаны болып отыр.



БАЛЕТТЕН ТЫС ТА БИШІ БАР...

> Мемлекеттің мәдени саясаты ұлттық өнерді сақтауға ғана емес, оны дамытқан, кәсіби деңгейде дәріптеп жүрген өнер иелерінің әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге де бағытталуы тиіс.

Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби би өнері саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, ұлттық мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан мамандардың әлеуметтік мәртебесі мен еңбек ерекшеліктерін ескеру – мемлекет алдындағы маңызды міндеттердің бірі деп санаймыз.

2019 жылғы 26 желтоқсанда қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға сәйкес, кемінде жиырма жыл кәсіптік еңбек өтілі бар және балет артисі ретінде кәсіби қызметін тоқтатқан мәдениет ұйымдарының балет артистеріне ай сайынғы арнайы мемлекеттік әлеуметтік ақшалай төлем тағайындалады. Аталған заңнамада «балет артисі» ұғымы нақты айқындалып, штаттық кестеде «Балет артисі» лауазымын атқаратын және тиісті хореографиялық білімі бар, кәсіби ұжымдарда, опера және балет театрларында, музыкалық және музыкалық-драмалық театрлар мен концерттік ұйымдарда қызмет ететін мамандар ғана осы санатқа енгізілген.

Алайда іс жүзінде елімізде ұлттық және кәсіби би өнерін дамытып жүрген би ансамбльдері, филармониялар жанындағы кәсіби би ұжымдары, ұлттық музыкалық және музыкалық-драмалық театрлар мен концерттік ұйымдарда қызмет ететін бишілердің дипломындағы біліктілік атаулары әртүрлі болып келеді. Атап айтқанда, олар «би артисі», «халық би ансамблінің артисі», «би ансамблінің артисі», «би труппасының бишісі», «хореография», «ұстаз-хореограф» және өзге де ұқсас атаулармен берілген. Осыған байланысты, аталған мамандар лауазым атауы мен дипломдағы біліктіліктің «Балет артисі» деген нақты атауға сәйкес келмеуіне байланысты ай сайынғы арнайы мемлекеттік әлеуметтік төлем алу құқығынан тыс қалып отыр. Нәтижесінде, қолданыстағы заңнамаға сәйкес «балет артисі» санатына кірмейтін бишілер әйелдер үшін 61 жасқа, ерлер үшін 63 жасқа дейін сахнада қызмет етуге мәжбүр. Ал би өнері – жоғары физикалық жүктемені, кәсіби дайындықты және эстетикалық талаптарды қажет ететін сала екенін ескерсек, мұндай жағдай бишілер үшін физикалық әрі кәсіби тұрғыдан шынайы емес екені анық.

Сонымен қатар, 2006 жылға дейін би өнерімен байланысты кәсіби қызмет атқарған барлық санаттағы мамандардың зейнеткерлікке шығу мүмкіндігі болғанын да атап өткен жөн. Бұл норма кейінгі заңнамалық өзгерістер нәтижесінде шектеліп, әлеуметтік теңсіздікке алып келді. Осыған орай, кәсіби би өнері саласында еңбек ететін мамандардың еңбек ерекшеліктерін ескере отырып, олардың әлеуметтік қорғалуын күшейту мақсатында қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу қажеттігі туындап отыр деп санаймын.

Дәулет МҰҚАЕВ,
Мәжіліс депутаты

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі

Айтбек НЫҒЫЗБАЕВ:

АҚСЕЛЕУДІҢ АМАНАТЫН ОРЫНДАДЫМ ДЕП ОЙЛАЙМЫН

«Мен білім алып, оң-солымды танып, адам ретінде өзімнің болмысым қандай екенін сезінген кезде іштей бір-ақ нәрсеге өкінемін: менен өте жақсы музыкант шығатын еді. Менің бойымда музыкалық қабілет басқа қабілетімнен әлдеқайда басым екенін сезем. Өкінішке қарай, мен оқыған орта мектепте музыка пәні жүрген жоқ. Бірақ мен өскен орта – бұл Тәттімбеттің ауылы, Дайрабайдың ауылы, Ықыластың ауылы, Тоқаның ауылы, Күләштің ауылы, Манарбектің ауылы, Әбікен Хасеновтің ауылы, былайша айтқанда, қазақтың дәстүрлі классикалық музыкасын жөргектен құлағыма сіңіріп өстім. Оған филологиялық тарихи зерде қосылғанда шын мәнісінде өкіндім. Ширкін, мен музыкант болғанда халқыма көбірек пайда келтіретін едім» деген еді Ақселеу Сейдімбек «Шынның жүзі» бағдарламасына берген сұхбатында.



Алаштың аяулы азаматының осындай өкініші болғанымен, артында көрнекті ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлының сөзіне жазылған «Сарыарқа» және «Дәурен-ай» атты асқақ әндері қалды. Ақселеудің музыкалық мұрасы мұнымен шектелмейді, жалпы 12 әні мен 2 күйі бар. Белгілі әнші, ұстаз, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері **Айтбек Нығызбаев** соның бәрін жинақтап, «Ақселеу әндері» атты кітап шығарды. Ертең Ұлттық академиялық кітапханада Мәдениет және ақпарат министрлігінің тапсырысымен жарық көрген аталмыш еңбектің таныстырылымы мен әдеби-сазды кеш өтеді. Соның қарсаңында автормен бұл жинақ туралы әңгімелестік.

– Айтбек аға, «Ақселеу әндері» атты кітабыңыз қазақ мәдениеті мен өнері, жалпы руханияты үшін үлкен олжа болмақ. Осы еңбегіңіздің жарыққа шығуымен құттықтаймын! Ақселеуді таныстырып жатудың қажеті жоқ, «Сарыарқа» және «Дәурен-ай» атты әндерін де жұрт біледі. Мына еңбегіңізде Ахаңның басқа да әндерін жинақтаған екенсіз. Бұл туындылар қолыңызға қалай түсті?

– Бұл сұраққа жауап беру үшін әңгімені Ахаңмен алғаш танысқан күнімнен бастауға тура келеді. Мені Ахаңмен таныстырған Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жәнібек Кәрменов ұстазым еді. 1989 жылы жаз мезгілінде Алматыдағы «Жұлдыз» мейрамханасында өткен зиялылардың бір басқосуында маған ән айтқызып, соңынан: «Ақа, мына бала – сіздің жерлес ініңіз» деп таныстырғаны әлі есімде. Содан кейін Алматы мен Қазақстанның өзге де қалаларындағы жиындарда, алқалы топтарда ән айтып, ара-тұра кездесіп, сұхбаттасып жүрдім.

Ақселеу Сланұлы 2000 жылы Астанаға көшіп, басында Президенттік мәдениет орталығында, көп ұзамай Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде қызметін жалғастырды. Ал мен сол университет ректоры Амангелді Құсайыновтың шақыруымен 1999 жылдың қыркүйегінен сондағы музыка факультетінде сабақ беріп жүргенмін. Ахаңның келуі біз үшін айрықша қуаныш болды. Қолым қалт еткенде Ахаңның ықыласымен үйіне барып, өнер тұлғалары және жалпы қазақ музыкасы туралы әңгімесін тыңдап, рухани күш-қуат алып қайтатынмын. 2001 жылы менің «Қазақ әніндегі қыз-келіншектер бейнесі» атты дипломдық жұмысымның жетекшісі болды. Осы ғылыми жұмысты жазу барысында Ахаңмен жиі кездесіп тұрдым.

2000 жылы «Жаңа ғасырға – жаңа ән» байқауына Ақселеу Сланұлы үш әнін жіберетін болды. Олар – Несіпбек Айтұлы сөзін жазған «Алтын асық», Серік Тұрғынбекұлының өлеңіне жазылған «Арай күн» және ұлы Абайдың өлеңінен туған «Есіңде бар ма жас күнің». Этнограф-ғалым осы әндерін нотаға түсіріп, үн таспаға орындауды маған тапсырды. Бұл – аса жауапты жұмыста Қазақстанның мәдениет қайраткері Мұхаметқали Тіналиннің еңбегі зор. Осы өнер тұлғасы аталған әндерді нотаға түсірді, мен үнтаспа үшін нақышына келтіріп айтып, CD дискідегі жазбаны Ахаңа апарып бердім.

– Кітабыңызда жинақталған Ақселеудің әндеріне тоқталсаңыз. Ахаң шығу тарихын да шертіп берген болар...

– Ахаңның үйіне бір барғанымда «Халық менің екі әнімді – «Дәурен-ай» мен «Сарыарқаны» ғана естіп жүр, басқа әндерімді біле бермейді. Сен енді басқа да музыкалық шығармаларымды орындап, елге тарата жүр» деп айтылмай жүрген әндерін өзі орындап, магнитофонына басып берді. Енді ойлап қарасам, қазақтың Ақселеуі маған елеулі дүниесін аманаттаған екен-ау. Сол аманатын орындадым деп ойлаймын.

Сол күндері Ахаң елге таралып кеткен толғаулары жөнінде де қызықты әңгіме қозғады. «1983 жылы Ақтанбердінің толғауына Сүгірдің «Ыңғайтөк» күйін негізге ала отырып, лайықтап өңдедім. Сосын «Әсет пен Кемпірбайдың қоштасуы» толғауының әнін шығардым. Бұл толғау әуендерін алғаш Жәнібек Кәрменовке үйреттім. Жәнібегім осы екі толғауды тамылжытып орындап, халыққа жеткізді. Кейін «бұл толғауларды шығарып, өңдеген мен едім» деп айтуға ыңғайсыздандым. Содан аталған екі толғаудың бірі – Ақтанбердінікі, екіншісі – Әсеттікі боп кете барды. Оларды шығарғанымды Бекболат Тілеухан, Жақсықелді Кемалов, тағы да басқа дәстүрлі әншілер біледі. Сенің де есіңде болсын» деді. Бір қызығы, Ахаң бұл әңгімені мақтанып немесе күйініп айтпады. Жай ғана адами қалыпта баяндады.



– «Сарыарқа» мен «Дәурен-айды» талайлар айтып жүр. Ақселеу Сейдімбектің өзге де әндерін сізден басқа шырқайтын әншілер бар ма?

– Ахаңның «Арарай» әнінің бірінші нұсқасы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жақсықелді Кемаловтың орындауында нотаға түсірілді. Жақаң бұл әнді 1997 жылы Ахаңның өз аузынан үйреніпті. «Қыз дәурен» атты әні Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлзира Бөкейханның орындауында халыққа таралды.

– «Ақселеу әндері» кітабына әлдебір себептермен енбей қалған Ахаңның туындылары бар ма?

– Мен Ахаңның әндерін жинақтағанымда, кітапқа барлығы 12 ән енді. Бір әнін таппай қалдым. Ол кісі бір әңгімесінде Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің гимнін жазғанын айтқан еді. Бірақ гимнді таңдауға келгенде Ахаңның туындысы өтпеді. Осы туынды таптырмады. Сосын кітапқа «Құлақ күйі» және «Қосбасар» атты Қарасай Сайжанов нотаға түсірген екі күйі енбей қалды. Кітаптың белгіленген баспа табағы асып кеткен соң, оларды алып тастады.

– Ақселеу Сейдімбектің музыкалық мұрасын жинақтау идеясы сізге қашан, қалай келді?

– 2022 жылы Ахаңның туғанына 80 жыл толды. Ақселеу Сейдімбектің телегей теңіз мұрасының ішінде бәрі бар. Бұған «шүкір» дейміз. Бірақ ақселеутанудың бір бүйірі солғын тартып тұратын. Бұл – музыкалық мұрасы. Қазақ «Аманатқа қиянат жүрмейді» дейді. Ақселеу Сланұлының дүниеден озғанына бір мүшелден астам уақыт өткенде музыкалық мұрасын жеке жинақ етіп жариялауды дұрыс деп санадым. Бұл – ұлт өнері тарихы мен тұлғалар тағылымына құрмет. Осы орайда қолдау көрсеткен Мәдениет және ақпарат министрлігіне рақмет айтамын. Ақселеудің әндерін жинақтап, кітап шығаратынымды естіген Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Асанәлі Әшімов «алғысөзін өзім жазамын» деді. Көпке ұзатпай соны қолыма тигізді де. Сондай-ақ жинаққа белгілі ғалым, профессор, филология ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимовтың да мақаласы енгізілді.

– Ақселеу Сейдімбек әндерінің қандай ерекшеліктерін байқадыңыз?

– Ахаң әндерінде дәстүрлі ұлттық нақыш сақталған. Өйткені ол тамыры терең халық музыкасынан бастау алады. Ақселеу Сланұлы ұлттың нәрін бойына мейлінше сіңірген. Жинақтағы мұрадан осы ерекшелікті көріп, байыптауға болады. Жалпы Ахаңның ұлттың дәстүрлі өнерін жандандыру мен өрістету жолындағы еңбегі ұшан-теңіз. Оны әрі қарай зерттеу – бүгінгі және болашақ ұрпақтың еншісінде. Қазақ халқы, оның сан салалы өнері, мәдениетке деген елдің ынта-ықыласы тұрғанда, Ахаң әндері Қазақстан мен әлемнің көгінде қалықтай береді деп сенемін.

– Әңгімеңізге рақмет! Кітаптың таныстырылымына сәттілік тілеймін!

Әңгімелескен
Аманғали ҚАЛЖАНОВ

КӨКТЕМ МУЗЫКАСЫНЫҢ КОНЦЕРТМЕЙСТЕРІ

Бүгінгі әңгіменіздің кейіпкері – әншілерге немесе балет әртістеріне партияларды үйренуге көмектесетін, концерттерде сүйемелдейтін (аккомпанемент) жоғары кәсіби пианист. Неміс тілінен аударғанда «концерт шебері», яғни концертмейстер.



Айгүл УАЙС

«Астана Опера» мемлекеттік опера және балет театрының балет концермейстері Долорес Үмбетәлиевамен театр сахнасының сыртында кездесіп, мамандық сырына қанықтық.

– Концертмейстер бірінші кезекте әртістерге қарауы тиіс. Ол би ырғағына ілесе отырып, бишіге музыка арқылы тірек болып, қанат бітіреді, жеңілдік сезімін сыйлайды. Дайындықтың соңына қарай шаршаған балеринаның жай-күйін түсініп, музыка арқылы екінші тынысын ашып, күш береді. Жалпы, балет әртістерінің таңы классикалық сабақтан, яғни бойын қыздырудан басталады, осылайша олар бұлшық еттерін бидің ырғағына дайындап, кешкі қойылымдарға даярлықты шыңдайды. Осы кезде музыкалық сүйемелдеу үшін концертмейстер белгілі бір дағдыларға ие болуы керек. Жұмысын енді бастап келе жатқан жастар үшін бұл, әрине, өте күрделі шаруа. Дегенмен де оларды үйретететін, мамандықтың қыр-сырын түсіндіретін, білімімен бөлісе алатын біздер, тәжірибелі концертмейстерлер бармыз, – дейді концермейстері Долорес Үмбетәлиева.

Концермейстерден опера әлеміндегі рөлі туралы сұрадық.

– Ал мұнда бәрі керісінше, – деп жымиды ол. – Әншінің даусы – жанды материя. Ол кез келген нәрсеге, мәселен күн райына, көңіл күйге, адамның ішкі жағдайына, өмірлік күш-қуатқа тәуелді. Концертмейстер психолог әрі алғашқы сыншы болуымен қатар, ең алдымен коуч болуы керек. Яғни ол дыбыстың өзіне ғана емес, тыңдаушыға да әдемі болып естілуін, эстетикалық әрі кәсіби деңгейде шығуын бақылауы тиіс. Ол әншінің жинақталуы үшін ырғақты қашан жылдамдату керек екенін немесе дауыстың ашылуына мүмкіндік беру үшін қашан жайырақ ойнау қажет екенін сезеді. Концертмейстер әншімен бірге композитордың ескертпелері бойынша жұмыс істейді, музыкалық әрі мәтіндік дәлдікті, фразировканы пысықтайды. Бұл өзара үйлесімділікті талап ететін жұмыс, мұнда ешкім өз бетінше әрекет ете алмайды».

Долорес балетте де, операда да концертмейстер болды, жеке концерттерге де қатысты. Осынау мол тәжірибесі нәтижесінде бүгінде концертмейстерлердің «цехын» басқарып отырған бірегей маманға айналды. «Біздің әрқайсымызда өзіміздің белгілі бір білім қорымыз бар. Егер ол адам театрда еңбек етсе, әлбетте оның білімі де мол болады. Алайда театрдағы жұмыстың өз ерекшелігі бар» дейді Долорес Үмбетәлиева. Оның мақтанышы – командасы: олар – бір кездері өзі жетелеп алып келген және үйреткен, ал бүгінде оның өзіне тірек болып отырған жандар. Балетте біздің екі мықты маманымыз бар, олар – Сұлтан Ибрагимов пен Жанар Аяпбергенова. Операда – төртеу – Ирина Кургузкина, Айшабибі Асқарова, Динара Сартай, Жаңыл Сембекова, олардың барлығы да – дара маман.

Осы ретте Айшабибі Асқарованың да пікірін білудің сәті түсті. – Маған әншіге көмектесу маңызды. Бірақ біз барлығымыз адам болғандықтан, тура сахнада ыңғайсыз жағдайлар орын алатын кездер болады, кейде орындаушы речитативте мәтінді ұмытып қалуы мүмкін. Мұндай сәттерде мен үзіліс жасамау үшін әнді орындай бастаймын, мұндағы мақсат – музыка жалғаса беруі үшін бәрін білінбейтіндей етіп жасау. Біздің жұмысымыздың тағы бір бөлігі – опералық спектакльдерге дайындық. «Астана Опера» репертуарында олар қазақ, итальян, француз, орыс және басқа да тілдерде қойылады. Біз драматургияны түсінуіміз керек, клавирді, ноталарды, темпті зерттейміз, сонымен қатар осы тілдерде еркін сөйлемесек те, мәтінді сезініп, оны талдап, әншіге бағыт-бағдар беруіміз қажет. Әрине, біз кәсіби мамандармен жұмыс істейміз, олар дайындықпен келеді және көпшілігі итальян тілін жетік меңгерген. Кейде жаңа операларда кейбір нюанстарды бізге дирижерлер айтып, түсіндіреді. Жалпы алғанда, біздің жұмысымыз қызықты. Мәселен, солист ансамбльдік нөмірлерді жаттаған кезде әнші кімнен кейін және қандай фразадан соң бастайтынын түсінуі үшін біз басқа кейіпкерлердің орнына ән айтамыз, – деп сөзін түйіндеді Айшабибі Асқарова.

Қорытындылай келе, концертмейстерлер өз жұмыстары көбінесе көзге көрінбейтінін, бірақ көрермен залда отырып жоғары өнерден шынайы ләззат алуы үшін оны әрдайым абыроймен атқаруға тырысатындарын айтты. Мұнымен келіспеуге болмайды!

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі





АЛҚАЛЫ ЖИЫН, АУҚЫМДЫ ІСТЕР

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы кеңесінің XII есеп беру-сайлау конференциясы мемлекетіміз үшін осы маңызды саяси оқиға бүкілхалықтық референдум қарсаңында өтті. Биылғы жыл Қазақстанның келешегіне тікелей ықпал ететін жыл болмақ. Еліміз ауқымды жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам баспақ. 2026 жылғы 15 наурызда халқымыз ел болашағы үшін тағдырлы таңдау жасайды, қуатты да әділетті Қазақстанды құру жолындағы сенімді ілгерілеуге жаңа серпін береді. Алдағы парламенттік реформа осы өзгерістердің өзегі болатыны анық.

Конференцияда Астана қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Сансызбай Сейтжанұлы Есілов есепті баяндама жасады.

Есепті жылдар аралығында елордалық Ардагерлер кеңесі өз жұмысын қала әкімімен, оның орынбасарларымен, қалалық мәслихат, қалалық сала басқармалары және басқа да атқарушы органдармен тығыз ынтымақтастықта жүргізді. Үстіміздегі жылдың басында елордада 159 мыңнан астам зейнеткерлер тіркелген. Қаладағы алты аудандық ардагерлер ұйымы 430 бастауыш ұйымдарға біріктірілген. 81 мың белсенділер қаладағы барлық ардагерлердің 55 пайызын құрайды. Есепті жылдарға межеленген кешенді іс-шаралар жоспарлары астаналық ардагерлердің белсенділігімен іске асырылды.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында үш жылға белгіленген 100-ден астам кешенді шаралар қамтылған. «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасының негізінде қазақтың ұлттық дәстүрі мен құндылықтарын дәріптейтін іс-шаралар кең көлемде өткізілді. Үлгілі отбасылар арасында байқау «Баланы жастан» қағидаты бойынша баланы еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, ізгілікке, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу, жалпы адамгершіліктің барлық ережелерін үйретуге, салт-дәстүрін сақтап бағалай білуге тәрбиелеуді негізге алды. Алты ауданнан конкурсқа қатысқан отбасылар түрлі бағыттағы номинация бойынша мазмұнды да тәрбиелік мәні бар бағдарлама жасап көрермендерді тәнті етті. Қарттар күні аясында өткен онкүндікте шаңырақ көтергендеріне 40, 50, 60 жыл болған ерлі-зайыптылардың өнегелі өмірін үлгі ету мақсатында «Отбасы – бақыт бастауы» деген тақырыпта бейнетаспаға түсірілген бақытты отбасылардың ұрпақтарымен сұхбаттасуы жүргізіліп, шынайы өмірдің әдемі де әсерлі әңгімелері ардагерлер мен жастарға жарастықты, сыйластықты паш етті. Отбасы институттарын дамытуда осындай іс-шаралардың маңызы зор. Елдің орта және ұзақ мерзімді дамуы бағытын айқындаған шешімдер қабылдаған 2025 жыл Жеңістің 80 жылдығымен қатар келгендіктен, қалалық Ардагерлер кеңесі ұрпақтар сабақтастығын күшейту және қазақстандық отансүйгіштікті дамытуда айтулы жұмыстар жүргізді.

Қазақстанда жасақталған 316, 310, 314 және Панфилов дивизиясының Москваны қорғаудағы, Ленинград блокадасын бұзудағы теңдесі жоқ ерен ерліктерін насихаттаудағы іс-шаралар, жастарды отаншылдық рухында тәрбиелеуде ерекше орын алды. 80 жылдыққа арналған «Жеңіс жауынгерлері» атты кітап жарық көрді. «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» деген бағытта «Атамның аманаты» бірлестігі – Екінші дүниежүзілік соғыста хабарсыз кеткен қазақстандық жауынгерлерді жүйелі түрде іздестірумен айналысатын Қазақстандағы жалғыз ұйым. Осы уақытқа дейін ол ұйымның «Атамның аманаты» сайтына 9 мыңға жуық өтініш түскен. 4 мыңға жуық жауынгерлердің жерлеген жерлері мен тұлғалары анықталып, туыстарына табыс етілген. Бұл орайда, осы ұйымның жетекшісі, запастағы полковник Мұрат Жанатайұлы Молдағалиевке ел алғысы шексіз. Сондай-ақ «Майдандағы аймақ» қоғамдық ұйымының командирі, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ оқытушысы профессор Құсайынов Майдан Көмекұлының қажырлы еңбегіне ризашылығымыз зор. Бұл маңызды шаралар алдағы жылдарда да тоқтамай жалғаса береді. Ұлы Жеңістің қаһармандары жерлестеріміз Сағадат Нұрмағамбетов, Әлмұқан Сембинов, Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойлары аталып өтті. Алайда екі мәрте Кеңес Одағының батыры, ұшақпен 305 рет ұрысқа қатысып, Советтік әскери авиация тарихында бірінші болып жаудың жойғыш ұшағын атып түсірген, бірінші болып Берлиннің үстінен күндіз ұшып барлау жүргізген Талғат Бигелдиновтың 100 жылдық мерейтойы жеткілікті дәрежеде аталып өтілмегені өкініштi.

2024 жылы Астанада бүкіл дүние жүзі көз тіккен елеулі оқиға «Ұлы дала ойындары» өтті. Оның алғашқы шымылдығын ашқан астана ардагерлері болды. Оның ішінде Есіл ауданы Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы ерекшеленді. 175 жылдық тарихы бар Арқадағы «Қоянды жәрмеңкесін» жаңғыртып, Ұлы дала мәдениетінің жауһарларын сахналық композиция арқылы жарқырата көрсетті.

«Базарың құтты болсын, ардақты елім» деп аталған бағдарламада көшпенділердің салт-дәстүрін, ұлттық құндылықтары, інжу-маржан ән-күйлері жан-жақты қамтылып, тарих қойнауынан сыр шертті. Бұл біздің ардагерлеріміздің еліміз-де болып жатқан тарихи маңызды оқиғалардан тыс қалмай, белсенділік танытатынын көрсетсе керек. Сондай-ақ Ұлы Жеңістің 80 жылдығы аясында «Ардагерлер көктемі» фестивалі ұйымдастырылды. Оған алты ауданның барлық өнер ұжымдары қатысты. Бұл фестивальдің мазмұны да, форматы да ерекше көркем, қайталанбас өнер туындысы болып есте қалды.

Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойына арналған «Абай – дана, Абай – дара» атты 180 мәдени шара елорданың барлық аудандарын қамтыды. Абай даңғылындағы Абай ескерткіші алдында ақынның өлеңдері оқылып, ән шырқалды. Кең көлемде челлендж өтті.

Алаш арыстары «Үш бәйтерек» Сәкен, Ілияс, Бейімбеттердің 130 жылдығына арналған тарихи танымдық шарасы Орталық Ұлттық музейде Сәкен танушылар, Ілияс пен Бейімбетті зерттеушілердің, ғалымдар мен тарихшылардың қатысуымен ғылыми конференция дәрежесінде өткізілді.

Қалалық ардагерлер қызметінің негізгі басымдығы Астана қаласының әкімі Ж.Қасымбек бекіткен Астана қаласында тұратын қарт адамдардың жағдайын жақсарту жөніндегі 2029 жылға дейінгі іс-шараларды жүзеге асыру болып табылады. 2026 жылы Қазақстан Республикасының «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Астана қалалық филиалы кеңесінің құрылғанына 35 жылдығы өтеді. Қалалық Ардагерлер ұйымы – Тәуелсіздіктің құрдасы. Осы уақыт ішінде елмен бірге үлкен тарихи жолдан өтті.

Егемендіктің 35 жылдығында Республикада, мемлекеттік жүйеде, қоғамдық санада айтулы өзгерістер болды. Тәуелсіздік пен отансүйгіштік, бірлік пен ынтымақтастық, әділдік пен жауапкершілік, заң мен тәртіп, еңбекқорлық пен кәсібилік, қоғамдық диалогқа ашықтық айырықша маңызға ие болды. Ол қазіргі күнде жақсы қалыптасып келеді.

Елордада тұратын азаматтардың жағдайын жақсарту жөніндегі мемлекеттік бағдарламаның әлеуметтік игіліктері алдағы үш жылға жоспарланған барлық бастауыш ұйымдарында есеп беру-сайлау өткізілді. Ардагерлер өздерін толғандырған мәселелерін ортаға салып пікір алмасты. Сонымен бірге, зейнеткерлерге жасалып отырған қамқорлықтары үшін, оның ішінде соғыс ардагерлеріне, аз қамтылған зейнеткерлерге, жалғызбасты қарттарға көрсетілген көмектері үшін Астана қаласы әкімдігі мен қалалық Ардагерлер кеңесіне ризашылық білдірді. Алда жаңа міндеттер тұр. Қалалық Ардагерлер кеңесі өз қызметінде белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалатын іс-шаралар жоспарын басшылыққа алады.

Астана қаласы ардагерлерінің алда тұрған ауқымды саяси жаңғыруға елеулі үлес қосатынына сенімдіміз, Ата Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды зейнеткерлеріміз зерделеп, референдумға ұйымдасқан түрде қатысып, өз қолдауларын жасайтын болады.

Осындай ауқымды баяндамадан соң жарыссөзге шыққан Алматы аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Мұстафин, генерал-майор М.Нағыманов, Сарыарқа ауданы «Столичный» бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы С.Шайман, С.Сейфуллин атындағы Қаз АТУ профессоры Б.Өтебаев, Денсаулық сақтау басқармасының бастығы А.Төлеуова, Есіл ауданы Ардагерлер ұйымы кеңесінің төрайымы Ш.Үстемірова, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Орталық кеңесі төрағасының бірінші орынбасары Ө.Озғанбаев, «Мемориалдық аймақ» командирі М.Құсайынов, қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі А.Әшіров есепті мерзім аралығындағы қалалық Ардагерлер кеңесінің жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға берді.

Конференцияға Астана қаласы мәслихатының төрағасы Т.Зейнұлқабден қатысты.

Конференцияда Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен сөз сөйлеп, Ардагерлер кеңесі қашанда қалалық әкімшілікпен тығыз байланыста жұмыс жасап, қоғамдағы саяси ахуалдарға сергек қарап, ағалық ақыл-кеңестерін беріп отыратын үйлестіруші деп атай отырып, ризашылығын білдірді.

Конференция күн тәртібіндегі мәселелер бойынша қалалық Ардагерлер кеңесі мүшелерінің жаңа құрамын бекітті. Алғашқы ұйымдастыру пленумының шешімі бойынша делегаттар бірауыздан қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағалығына қайыра Сансызбай Сейтжанұлы Есіловті сайлады. Төрағаның орынбасары болып Мұрат Спанқұлұлы Іргебаев, жауапты хатшы лауазымына Салтанат Дәулетханқызы Меңлібаева сайланды. Сондай-ақ Ардагерлер кеңесінің пленум, төралқа және тұрақты комиссияларының құрамдары мен мүшелері бекітілді.

Конференция алдағы болатын «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің XI съезіне делегаттар сайлады.

Қарлығаш ҚҰСПАН,
Қалалық Ардагерлер кеңесі медиатобының мүшесі

САЛЫҚТЫҚ ШЕГЕРІМДЕРДІ ҚОЛДАНУ

2026 жылдан бастап елімізде жаңартылған салықтық шегерімдер жүйесі енгізілді, ол азаматтарға жеке табыс салығы сомасын азайтуға мүмкіндік береді. Бұл туралы Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаменті хабарлады.

Заңнамаға сәйкес, жеке тұлғалар жеке табыс салығы бойынша салық салу объектісін айқындау кезінде бірқатар салықтық шегерімдерді қолдануға құқылы.

Салықтық шегерім түрлері әлеуметтік төлемдердің салықтық шегерімі; базалық салықтық шегерім және әлеуметтік салықтық шегерімдер болып үшке бөлінеді.

Әлеуметтік төлемдер бойынша салықтық шегерімі әлеуметтік төлемдердің салықтық шегерімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептелген міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жеке тұлғалардың кірістерінен ұсталатын әлеуметтік аударымдарды қамтиды.

Базалық салықтық шегерім әрбір күнтізбелік ай үшін қолданылатын тиісті қаржы жылының 1 қаңтарына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген мөлшерін құрайды. Жылдық мәнде мұндай шегерімнің мөлшері 360 АЕК-тен аспауға тиіс.

Әлеуметтік салықтық шегерімдер I және II топ мүгедектігі бар адамдарға жылына – 5 000 АЕК, III топ мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға, соғысқа қатысушыларға және оларға теңестірілген тұлғаларға – 882 АЕК. Мүгедектігі бар балаға немесе бала кезінен мүгедектігі бар адамға қамқорлық жасайтын ата-анаға (қорғаншыға), сондай-ақ асырап алушыларға – 882 АЕК.

Шектеулер салықтық шегерімдер тиісті білім беру, медициналық ұйымдар, халыққа әлеуметтік қорғау ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ жұмыс қатынастары себепті қамқоршылықтағы және попечительдіктегі тұлғаларға және асырап алынған баланың ата-анасымен некеге тұрған тұлғаларға қолданылмайды.

Әлеуметтік салықтық шегерімдер осы салықтық шегерімдерді қолдану үшін негіз туындаған, бар немесе болған күнтізбелік жылда қолданылады.

Шегерімдер салық агенті (жұмыс беруші) арқылы және салық агентінде қолданбаған кезде салықтық шегерімдерді өзі дербес қолданады.

Астана қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті салықтық шегерімдерді қолдану тек растайтын құжаттардың болуы және заңнамада белгіленген қолдану тәртібін сақтау кезінде мүмкін екенін еске салады. Толығырақ ақпаратты 1414/3 нөміріне хабарласу арқылы немесе @astana_mkd_dgd_astana Instagram парақшасы бойынша ала аласыздар.

Қымбат ИСЕНОВА,
Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы

3 МЫҢНАН АСТАМ КӘСІПКЕР ТЕГІН КЕҢЕС АЛДЫ

Елордада «Халық бухгалтері» акциясы өтіп жатыр. Аталған науқан жеке кәсіпкерлер мен шағын бизнес субъектілеріне салық және бухгалтерлік есеп мәселелері бойынша тегін консультативтік көмек көрсетуге бағытталған.

Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті түсіндіру жұмысы басқармасының басшысы Қымбат Исенованың айтуынша, науқан аясында кәсіпкерлер өздері үшін қандай салық жеңілдіктері қарастырылғаны және қолайлы салық режимін қалай таңдауға болатыны туралы сұрақтарға жауап ала алады.

– Жоба 2026 жылдың қаңтар айында басталды. Бүгінге дейін мемлекеттік кірістер органдарының мамандары мен кәсіби бухгалтерлер 3 мыңнан астам астаналыққа консультация берді. Науқан кәсіпкерлердің салық сауатын арттыруға және салық салу мәселелерін уақтылы түсінуге көмектеседі, – деді басқарма басшысы.

Ведомство өкілінің мәлімдеуінше, кеңес берулер қаңтар-ақпан айларында: аптасына үш рет (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма) сағат 10:00-ден 13:00-ге дейін өтсе, наурыз айынан бастап ол аптасына екі рет ұйымдастырылады.

Консультациялар өткізу мекенжайлары ведомствоның Instagram @astana_mkd_dgd_astana ресми парақшасында орналасқан. Толық ақпаратты 1414/3 нөміріне хабарласып біле аласыздар.

Еске салсақ, 2026 жылғы 5 қаңтарда басталған «Халық бухгалтері» науқаны осы жылдың 30 маусымына дейін жалғасады.

№28-29 (4927) 12/03/2026 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
16 НАУРЫЗ

QAZAQSTAN

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР КҮНІ
5:30 Әнұран
5:35 «Көңіл толқыны»
6:00 «Құдаша қыз» телехикаясы.
7:00 «TAŃSHOLPAN»
9:00 «ҚЫЗ ТАҒДЫРЫ» телехикаясы.
10:10 «Сезім мен серт» телехикаясы.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...»
13:10 «Жат бауыр» телехикаясы.
14:15 «Ақорда»
14:35 «ҰРПАҚТАР ҮНДЕСТІГІ» арнайы
15:10 «Жарқын жүздесу»
16:00 «Қыздың жолы» телехикаясы.
17:20 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ»
18:00 «СЕЗІМ МЕН СЕРТ» телехикаясы.
20:30 «МАХАББАТ ЕРТЕГІСІ» телехикаясы.
21:25 «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ» телехикаясы.
22:15 «АШЫҚ АЛАҢ»
23:05 «1001 ТҮН»
0:05 «Қыз тағдыры» телехикаясы.
2:10 «Ашық алаң»
3:00 «Ұрпақтар үндестігі»

05:00 Телехикая “Фатмагүл”
07:00 “Оян!”
09:00 “Дәстүр”
09:30 Телехикая “Шырмалған тағдыр”
11:30 “Қоғам пікірі” саяси ток-шоуы
12:30 “ОйнаIQ”
13:30 “Көзқарас”
14:30 Мультсериал
15:00 “Как выйти замуж за миллионера”
19:00 Новости
19:30 Телехикая “Шырмалған тағдыр”
21:30 Жаңалықтар
22:00 Телехикая “Достық 13
23:00 Телехикая “Фатмагүл”

ASTANA TV

06.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
07.00 «Наурызнама»
07.20 «Алпарслан 2» телехикаясы
09.00 «Үкім» телехикаясы
10.15 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
11.30 «Еркектерге қарсы» телехикаясы
12.10 «Қош келдіңіз» телехикаясы
14.00 «Зын-Зын Күлпаш 2» телехикаясы
16.10 «Аппақ Келін» телехикаясы
17.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
19.00 «Astanatimes»
20.00 «Үкім» телехикаясы
21.00 «Қорғансыздар 2» телехикаясы
22.00 «Сөнбеген жалын» телехикаясы
23.30 «Ханзада Жумонг» телесериал
00.40 «Алпарслан 2» телехикаясы

6:00 «П@UTINA» бағдарламасы
7:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
8:30 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО!»
10:50 «АНАЛИТИКА»
11:45 «АНЫҚТАЙМЫЗ» бағдарламасы
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «НЕВСКИЙ. ЧУЖОЙ СРЕДИ ЧУЖИХ»
1:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
1:30 «СЕРАФИМА ПРЕКРАСНАЯ».
2:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
3:45 «П@UTINA» бағдарламасы

КТК

7:00 ҚР ӘНҰРАНЫ
7:05 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы
7:35 “ӨКІНБЕ СЕН”, өзбек телехикаясы.
10:00 “ТОТ МУЖЧИНА, ТА ЖЕНЩИНА”, мелодрама (повтор)
14:00 “ЦВЕТ СТРАСТИ”, мелодрама
16:40 “ДЖАМАЙКА”, мелодрама
18:30 “ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА”, турецкая мелодрама.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ.
21:40 “БЕЗ ТЕБЯ”, мелодрама.
23:40 “ПАЛЬЦЫ”, криминальный детектив
1:30 “ДЖАМАЙКА”, мелодрама (повтор)
3:00 “ӨКІНБЕ СЕН”, өзбек телехикаясы. (қайталау)
5:00 “ӘНІМ СЕН ЕДІҢ”, ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

31

06:00 «Әзіл студио»
07:00 «Күліп All»
07:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
09:30 Мультсериал «Губка Боб»
11:10 «Пингвины Мадагаскара»
12:00 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
12:50 «Шанхайские рыцари» (повтор)
15:10 «День независимости» (повтор)
17:30 «Скорость»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Кикбоксер: Возмездие»
22:50 «Ип Ман: Последняя схватка»
00:50 «Бозторғай» телехикаясы 44 бөлім
01:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
03:00 «TikTok show»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:00 «What’s up?»
05:20 «Ризамын»

7

6:00 Әнұран
6:02 “Әзілің жарасса”.
7:00 “Үзілген жапырақтар”. Телехикая.
8:00 “Зың-зың Күлпәш”. Телехикая
9:45 ЖЕТІНШІ СТУДИЯ.
10:00 «Великолепный век. Хюррем».
11:00 “Ветреный”. Телесериал.
13:00 “По семейным обстоятельствам”.
